ЖАСТАРДЫҢ ӘДЕБИ-МӘДЕНИ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ҮРКЕР

№8 (96)
2016

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Редакторлар кеңесінің Төрағасы — Бас директор Жұмабек КЕНЖАЛИН

Бас редактор Қуандық Түменбай

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы Жарас Сәрсек

Редакция алқасының мүшелері:

Арман Қырықбаев
Бектұр Төлеуғалиев
Динар Нөкетаева
Мереке Құлкенов
Нұрлан Оразалин
Өмірәлі Қопабаев
Сағатбек Медеубекұлы

Техникалық редактор
Жұмағазы Омарұлы

30 тамыз – Конституция күні

Азат елдің ар-намысы – Ата Заң!

Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым – Отанымның түлегісің!
Іргесін туған елдің тіреп тұрған
Қадірін Ата Заңның білемісің?!

Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата Заңның өріліп тұр
Даламның кеңдігі де, теңдігі де!

Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,
Сондықтан Күннен Жерім суынбаған.
Қоғамның сан саласын реттейтін
Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.

Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Ант береді.

Болғанмен бұл Өмірде айлақ күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!
Еліңнің дамуы мен дағдарысы
Ол-дағы Ата Заңға байланысты!

Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей әсер еткен ғұмырына
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды!

Өмірден әділдік пен бақ табатын,
Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
Өзіңдей жас өркендер келеді өсіп
«Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!

Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп қадір тұтып, қастерлеген
Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы!

Айбатыр Сейтақ,
ақын



Жедел мобильді топ құрылды

«100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспар.

Бағдарламаға бес ірі реформа кіреді: мемлекеттік заманауи аппараты қалыптастыру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектік пен бірлік және есеп беретін мемлекет қалыптастыру.

Соның ішінде кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайтудың маңыздылығын өңіріміздің кәсіпкерлері қуаттап отыр. Жаңа институттың құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

Осыған орай, «100 нақты қадам» 5 ірі реформасын жүзеге асыру барысында аудан прокуратурасының басым бағыттарының бірі кәсіпкерлікті қорғау және қолдауға бағытталған заңнаманың қолданылуы болып табылады.

Аудан прокуратурасымен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілді. Кәсіпкерлікке қатысты 2 тексеру жүргізіліп, 4 прокурорлық ықпал ету актісі енгізілді, 4 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 10 кәсіпкерлердің конституциялық құқықтары қорғалды.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында рұқсат құжаттамаларды рәсімдеу, келісім алу кезінде мемлекеттік органдармен көбінесе рұқсат беру арыздарын созбалаңға салу дерегі орын алуда.

Айта кететін болсақ, көбінесе жеке кәсіпкерлердің өтініштерін қарау кезінде құрылыс обьектілерінің жобаларына, жер телімдерін алу сұрақтарына жылдар бойы келісімдер берілмей, олардың жазбаша өтініштеріне жауаптар берілмей, әкімшілік кедергілер туғызып, нәтижесінде шағын және орта бизнес субъектілерін сергелдеңге түсіреді.

Осыған орай, аудан прокуратурасының бұйрығымен кәсіпкерлерді заңмен қорғалған құқығын қорғау мақсатында, кәсіпкерлерді заңсыз тексеруден және олардың қызметіне араласуды болдырмау мақсатында жедел мобильді топ құрылды.

Мобильдік топ мүшелеріне аудан прокуратурасы, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасының Маңғыстау аудандық бөлімі, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары және Ұлттық кәсіпкерлік палатасының Маңғыстау аудандық филиалының басшысы кіргізілді.

Мобильдік топтың негізгі мақсаты – мемлекеттік органдардың тарапынан кәсіпкерлердің конституциялық құқықтарының бұзылу деректері туралы арыздар мен хабарламалар түскен жағдайда тез арада орын алған жерге бару, шаралар жүргізу;

- кәсіпкерлік қызметіне негізсіз тексерулер және кедергі келтіру деректері орын алған жағдайда тез арада кәсіпкерлердің құқықтары бұзылуын жою және кінәлі лауазымды тұлғаларды әкімшілік не қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесін шешу;

- кәсіпкерлердің құқықтарының әрбір бұзылу деректеріне уақытылы және тез арада ықпал етілуін қамтамасыз ету көзделген.

Осыған байланысты, егер де тексерушілердің тарапынан заңсыз немесе дәйексіз әрекеттер анықталған жағдайда прокуратура органымен кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесін сақтау бойынша тиісті прокурорлық ықпал ету шаралары алынады.

Смағұл ҚАСНИЯЗОВ
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы прокурорының
орынбасары

«Қызылту» орта мектебінің шежіресі де өзге білім ордаларына ұқсас. Біз де көне ғимаратқа көз салып, бір сәт ойға шомып, сырлы әлемге сүңгіп кеткендей боламыз.

Мектептің орналасқан орны: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Иіркөл ауылдық әкімшілігі, «Қызылту» колхозында орналасқан. Мектеп 1927 жылы бастауыш сынып негізінде 12 оқушы, 2 ұстазбен Ибрагим Шохаевтың бастамасымен «Барғана тамы» деген жерде қаланды.1936 жылы 7 жылдық мектеп болып құрылды. Онда 206 оқушы, 8 ұстазбен 7 жылдық мектеп болып қайта құрылды.1958 жылы 215 оқушымен, 8 жылдық мектеп болып, ұстаз саны 23-ке артты. Мектеп директоры Әлиакбар Монтаев басшылық жасағанда 1968 жылы 10 жылдық орта мектепке айналды. Онда 262 оқушы, 47 мұғалім болды. Мектеп директоры Сейітхан Тұрысбековтың кезінде 1989 жылы мектеп жаңа жобамен салынған үш қабатты 624 орындық ғимаратқа көшірілді.1927-1977 жыл аралығында 9 мұғалім «Қазақстан Республикасының Блімі беру ісінің үздігі» белгісін иеленді.

Бүгінгі таңда білім ордасының тарихы терең, шежіресі мол. Мектептің 90 жылға жуық өмір тарихында талай қазақ баласы білім алып, Отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдамамен аттанды. Мектеп өзінің өсіп - өркендеуі жолында талай қиындық пен табысты сәттерді бастан кешіре отырып, бүгінгі таңда ауыл баласын білім нәрімен сусындатып жатыр. Ұзақ жылғы білім мен тәрбие беру жолында есімдері елге танымал азаматтарды, ғылым мен өнер жұлдыздарын, қоғам мен мемлекет қайраткерлерін тәрбиелеп шығарды.

Ауылдың да, мектептің де тарихы мол. Ауылдан екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев, 3 Социалистік Еңбек Ері туған жерді мақтанышқа бөледі. 10 Батыр – Ана перзент тірлігімен ел-жұртының атын алыс аймақтарға жеткізді. №149 мектеп десе, кім болса да елең ете қалады. Бұл мектептен заңгер Балтабек Сыздықов, дәрігер Алмасбек Монтаев, жазушы Қуандық Түменбай, т.б. есімі елге белгілі азаматтар түлеп ұшып, ер есімін елге танытты. Бұның бәрінің бастауында алғашқы ұстаз Ибрагим Шохаев тұр еді. Осындайда Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстазы» да еске түседі. Өмір осынысымен қызық емес пе?!

Жеңіскүл РЫСПЕМБЕТОВА,
мектеп директоры

МЕКТЕП – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСАТЫН ЖЕРІ

Қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел. Бұл – бәсекеге қабілетті мемлекет. Ұрпағы білімді елдің ғана бәсекеге қабілетті болатынын ескерсек, мектептегі білім сапасын жақсартудың маңызы күн сайын артып келеді. Елбасының «Қай елдің халқы оқу мен білімнің арқасында алған ақпараттарды, білімді және технологияларды өмірде тиімді қолдана білсе, толыққанды болашақ сол елге тиісті.

Мектеп – жеке тұлғаның қалыптасатын жері. Ол жеткіншектердің тек қана одан арғы оқуына негіз болатын базалық білім мен машықтарды ғана беріп қоймайды, сонымен өмірлік тәжірибенің де алғашқы тәжірибесін береді» - деген ойынан бүгінгі мектепке қойылып отырған талаптың жоғары екендігін білуге болады. Елімізде бүгінде білім беру саласына енгізілген дамыған мемлекеттердің білім беру тәжірибесі негізінде іске асырылып отырған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Педагогикалық шеберлік орталығы бағдарламасының негізгі мақсатының өзі - үздік әлемдік педагогикалық тәсілдер мен білім беру тәжірибесі негізінде Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарын дамыту болып отыр. Бағдарлама Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру тұрғысынан жалпы білім беру жүйесін жаңғыртуды қамтамасыз етуге бағытталған. Міндеттері – мұғалімдер мен оқушылардың қызметін жақсартуға бағытталған дағдыларды, жұмыс түрлерін, әдістер мен тәсілдерді үйрету. Кәсіби және әлеуметтік әріптестік орнату, ата – аналармен, жалпы жұртшылықпен бірлесіп жұмыс істеу, қоғамдастық құру. Мазмұны – Оқу мен оқытуға жетекшілік ету. Өзінің дамуы мен басқаларды дамыту, жетілдіру. Инновациялар мен өзгерістерді енгізу. Жергілікті қауымды бірлескен жұмысқа тарту. Философиясы - Сыни тұрғыдан ойлау.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламасын өзім басқаратын педагогикалық ұжымда іске асыру мақсатында өзгеріс енгізу үдерісін жүйелеу қажет болды.

Бұл - ұжымдағы «Өзгеріс енгізу тобы» арқылы іске асырылады. Американдық өнертапқыш Генри Форд: «Командалық жұмыс

– ортақ ұстаным тұрғысынан бірлесіп жұмыс істеу қабілеті. Қарапайым адамдарға күтпеген нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жанармай.» - деген болатын. Сондықтан да педагогикалық ұжымдағы өзгеріс енгізу үдерісіне мектептің оқыту мен оқу тәжірибесін өзгерте алған әлемнің түкпір – түкпіріндегі мектеп көшбасшылары аталған үдерісті дамыту үшін магнит, желім және қозғаушы күштің болуы қажет болғандықтан, мен де осы үдерісті іске асыруды жөн көрдім. Магниттер – басшылар мен мұғалімдер, яғни өзгеріс енгізу тобы. Топ ерікті, шығармашыл, терең ойлы педагогтардан құрылады. Бұл - барлық адамдардың оқушы білімін жақсартуы үшін бірлесіп жұмыс істеуі. Желім - әріптестерді тарап кетуден сақтайтын факторлар. Мектеп даму жоспарындағы іс – шараларды өзгеріс енгізу тобы оқушылардың үлгірімін жақсартуға бағытталған үдерісте (коучингтер, тізбектелген сабақ, зерттеу сабағы) жүзеге асырады. Қозғаушы күш - өзгеріс енгізу іс – шараларын жүзеге асыратын адамдарға

қолдау көрсетіп, оларды ынталандырады, аралық түзетулер енгізіп, бейімдеуге мүмкіндік береді. Жаңа мүмкіндіктер мен тапсырмаларды ұсыну арқылы әріптестерді алға жылжытуға көмектеседі. Қозғаушы күш болмаса, өзгеріс енгізу үдерісі өз бағытын жоғалтуы мүмкін. Қозғаушы күштің құрамында көшбасшы, тәлім алушы, деңгейлік бағдарлама бойынша курстан өткен мұғалімдер болады. Яғни, тәлім алушы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Ахетова, I деңгей бағдарламасын меңгерген мұғалімдер: К.Сәрсенбаева, К.Бекмырзақызы, Д.Батаева, Л.Түменбаева, А.Жәнібекова; II деңгей бағдарламасын меңгерген А.Ыбырай; III деңгей бағдарламасын меңгерген мұғалімдер: Б.Байділдаев, М.Тілемісова, К.Батырбековалар бар. Магниттің, желімнің және қозғаушы күштің үдерісі арқылы барлық даму жоспары іске асырылып отырады. Жұмыс нәтижелі болуы үшін деңгейлік бағдарлама бойынша курстан өткен мұғалімдерден 5 топ жасақталып, мектеп ұжымындағы жетпіс мұғалім осы бес топқа бөлінген. Коучтер (топ басшылары) қарамағындағы мұғалімдердің «Назарбаев Зияткерлік мектептері» бағдарламасын меңгеріп, оқыту мен оқуда жүзеге асыру үшін жұмыс жүргізуде. Өзгеріс енгізу тобы «Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру» басымдығы бойынша жұмыс жүргізді.

Мектеп даму жоспарындағы іс – шараларды жүйелі атқару нәтижесінде: мұғалім оқыту мен оқуды жақсартады, оқыту мен оқуда бағалаудың түрлері тиімді қолданылады, сабақта формативті және суммативті бағалау түрлері іске асады,зерттеу сабақтары арқылы оқыту мен оқу сапасы артады, оқушылар сыни тұрғыдан ойлай алатын болады.

Жанат ОХАПОВА,
мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

ТАРЫДАЙДЫ ТАУДАЙ ЖАСАУ – ПАРЫЗ

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.Қоғамымыздың ілгері дамуының өзі ғылым мен білімге тікелей байланысты. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан мұғалімге жүктелген міндет өте ауыр», - деген болатын. Ғылым-білімнің негізін ұстаздар арқылы тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алары хақ..

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»,- дейді Мағжан Жұмабаев. Сонда ол бала халықтың қаны мен жанын, рухын бойына сіңіреді.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде бүгінгі ұрпақтың қоғамымыздағы жаңару іс –әрекетін жүзеге асыруда жүргізіліп жатқан жұмыстар ұшан-теңіз.Еңсесін енді тіктеген Қазақстандай жас мемлекет үшін тәрбие бағытында атқарылатын міндеттер ауқымды. Өйткені біз Отанымыздың, қоғамымыздың келешектегі шын жанашырларын жас ұрпақ арасында қалыптастыруымыз керек. Демек, оларды лайықты ізбасар етіп дайындау, тәрбиелеп шығару үшін білім ордаларындағы білім, тәрбие жұмыстарын күшейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып өсіру міндеті алда тұр.

Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп пен жалпыға бірдей орта білім беру ісін дамыту, жаңарту проблемаларының ауқымдылығы соншалық, оған жас ұрпаққа білім беру саласында жүрген азаматтармен қатар, ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамайтын әрбір адам өз үлесін қосуда.

Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлері, сонымен қатар оларды өткізу іс-шаралары үнемі өзгеріп, жаңарып дамып отыр.

Бүгінгі күннің жас жеткіншектеріне терең білім беріп қана қоймай, рухани байлығын арттырып, оларды пысықтыққа, ширақтыққа, түрлі өнерге, шеберлікке үйрету қажет.

Жас ұрпақты саналы етіп тәрбиелегіміз

келсе ата-ана мен мектеп бірігіп, ынтымақтаса отырып, мектептегі тәрбие үйде жалғасын табатындай етіп ұйымдастыра білгеніміз жөн.Бұл жұмыстарды тиянақты атқаруда ұстаздар алдына мынадай міндеттер қойылады:

- Қазіргі білім беру, икем, дағды деңгейіне қойылатын талаптар негізінде мемлекеттік қалыпта жоғары білім беру;

- Мұғалім, қосымша білім беруші педагогтар психологиялық және білім берудің барлық мәселелерінің жеке шешімін табуды қамтамасыз ету;

- Санитарлық-гигиеналық қалыпты ескере отырып, белгіленген деңгейде білім берудің қажетті жағдайларын жасау;

- Оқушылардың білім сапасын көтеру, жеке қабілетін дамыту, жеке қызығушылық деңгейін көтеруде кең көлемде қосымша қызмет түрлерін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, тағы сол сияқты міндеттерді қоя отырып, жұмыс істеу қажет.

Тәрбие біржақты берілетін болса, онда нәтиже күткендегідей болмауы мүмкін. Сондықтан ата-аналардың өз міндеттеріне өте жауапкершілікпен қарап, ұрпақ тәрбиесін тек мектепке ысырып қоймағандары абзал. Өйткені,бала үшін дүниеде ең қымбат, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы.Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі қыры мен сырын, дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кезкелген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы, ақылды сөздер айтып, өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді. Сондықтан ата-аналардың өз міндеттеріне өте жауапкершілікпен қарап, ұрпақ тәрбиесін тек мектепке ысырып қоймағандары абзал.Ол үшін ата –аналарға мынадай міндеттер жүктеледі:

- Ата-ана мектеп ұжымымен тығыз байланыста болып, өз баласының әрекетін бақылауды қамтамасыз ету;

- Балаға жанұяда қалыпты жағдайдың сақталуын, оқуына қажетті материалды қамтамасыз ету;

- Мектеп жарғысын орындау;

- Баланың уақытында тұрып, кешікпей сабаққа келуін, себепсіз қалмауын, сырт көрінісін талап бойынша орындауды қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда халықтың әл-аухаты артып,жағдай жақсарып келеді.Алайда әртүрлі діни көзқарастағы адамдардың үгіт-насихатына балаларымыздың еріп кетпеуін қадағалағанымыз жөн.

Ата-аналар балаларды мүмкіндігінше көп уақыт үйде жалғыз қалдырмауы керек.Баланың немен шұғылданатынын, мектепке қалай барып келетінін, күнде қанша сабақ болып, қаншада қайтатынын біліп отырулары керек.

Баланың сабақтан тыс уақыты дұрыс ұйымдастырылуы керек.

Олардың кітап оқуына, мәдени тынығуына жағдай жасап көмектесу қажет. «Тәрбие отбасынан басталады» десек те, күйбең тіршілікке алданып жүріп, отбасындағы әрбір

баланың әрекетін, қылықтарын бағалап, бағыт-бағдар беруге көңіл кейде аз бөлініп жататыны көңіл қынжылтады. Әрбір ата-ана баласының ынтасын, қызығушылығын байқап, оның өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасап, ықпал етуі керек.

Мектеп пен ата-ана ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаға тиісті көңіл бөле білсе, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтары тәрбиеленіп шығары ақиқат.Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар ата-аналар мен ұстаздар ұлттық тәрбиеге де мән бергендері жөн. Бұл саладағы күш – жігер алдымен жас ұрпақты Отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталады. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашқан үйі , ата-анасы, ағайын туыстары, туған жері, кең – байтақ гүлжазира даласы, тау – тасы, өзен – көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде үйретуге тиіспіз.Бала –бауыр етіміз, еліміздің ертеңі, Отанымыздың келешегі, біздің жалғасымыз. Сондықтан бала тәрбиесі – баршамызға ортақ іс.

Әрбір ата-ана өз баласын еліне, халқына шын берілген, халқын құрметтей алатын, дені сау, білімді, еңбексүйгіш, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді борышым деп есептеуі тиіс.

Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсетті. Еліміздің болашағы — ұрпақ тәрбиесінде. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет. Мен қамшыласам, Сіз баптасаңыз; Ол қанат қақтырса, біздің бәрімізге ортақ мақсаттың орындалары хақ. Ол мақсат – жас ұрпақты сапалы білім, саналы тәрбиемен қаруландыру.

• Айтулылар айтқан сөз

Білім – ұлы адамды жуасытады, орташа адамды таңырқатады, күйкі адамды ісіріп-кептіреді.

Л.Н.Толстой

Рауза БАЙДІЛДАЕВА,
тарих пәні мұғалімі,
қоғамдық «Өлкетану» мұражайының
қызметкері

МҰРАЖАЙ – ТАНЫМ БАСТАУЫ

«Біздің заманымыз - өткен заманның баласы,
келер заманның атасы»
А. Байтұрсынов

Жас ұрпақ дүние сырларын ақтара қарап, бүгінгі күннің көкейтесті сауалдарына жауап іздейді, қоғамның бұдан былайғы заңдарын түсінгісі келеді. Таным дүниесіне зейін қойып қарасақ, мұражай өткен мен болашақты жалғастырушы түйін болып табылады. Өйткені, мұражай экспонаттары тарих негізі. Ол сонау ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолдарын айғақтайды. Олай болса, мұражайды тарихи куәгер ретінде қарауымыз керек. Сондықтан да , бүгінгі күн әлем мемлекеттері арасында мұражайы жоқ елді кездестіру мүмкін емес. Бұл кез-келген халықтардың өзінің тарихы мен мәдениетіне деген көзқарасына немқұрайлықпен қарамай, болашақты өткен ғасырдың рухани жетістіктерімен ұштастыра

отырып қалыптастыруға деген ұмтылыс жігерінің белгісі. Дегенмен, қай жерде қандай мұражай болмасын, олар өзінің алдына қойған басты міндетін мұражай қорындағы жинастырған экспонаттар негізінде халыққа мәдени-білім беру қызметін көрсету арқылы жүзеге асырады. Осы мақсатта мұражайлар өз қорларын түрлі экспонаттармен толықтырып, экспозиция бөлімдерін әсем безендіріп қана қоймай, олардың қарапайым көрермен үшін түсінікті болуын, кез келген экспонаттың тарихын, оның мәні мен мағынасын түсіндіруді қамтамасыз етуге тиіс.

Мұражайдың негізгі жұмысы – тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерді, тарихи оқиғаларды насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық рухта тәрбиелеу.

Ел тарихын барша әлемге паш ететін, шет елден келген қонақтарды өзінің әсемдігі мен

жүйелілігі арқылы таңқалдырып, тамсандыратын механизмнің бірі –Мұражай болып табылады. Қай ұлттың болмасын өзіне тән тарихы, өткені мен бүгіні, сондай-ақ болашағы болады.Қазақ өткенін зерделеп, бүгінін бағамдап, болашағын болжап, алдына үлкен мақсат қоя білген дана халық.Адамзат ұрпағы басынан кешкен ықылым заманды көз алдыңызға елестетіп ,оны көзбен көріп, көңілге түйгіңіз келсе, жарқын болашаққа нық сеніммен ой жүгірткіңіз келсе, әрине , мұражайға бас сұғыңыз.

Мұражай-ғасырлар үндестігі.

Мұражай- мәдениеттің ғибадатханасы. Мұражай таным мен тарихтың қайнар көзі. Таным мен ғылыми -ағартушылық мекеме ретінде мұражайларға кез келген қоғамда ерекше орын беріледі.Ертеңгі болашаққа нық, әрі сенімді қадам жасау үшін де біздің қызметіміздің берері аз емес.

Мектеп мұражайлары көпшіліктің бастамасы бойынша ұйымдастырылады және жұмыс істейді. Мұражай құру мен оның жұмыстарына қатысулары арқылы оқушылар зерттеу жұмыстарының жаңа қырларын танып біліп, шығармашылық қабілеттері оянып қалыптасады.

Осы орайда Елбасымыздың 2004 жылғы «Мәдени мұрасына» байланысты Қызылорда облысы, Шиелі ауданы,Ы.Жақаев ауылының №149 «Қызылту» орта мектебінде «Өлкетану»

мұражайының негізі қаланып, 2009 жылы мектеп директорының №1 бұйрығына сәйкес,қаңтар айының 3-ші жұлдызынан бастап арнайы мұражай қор сақтаушысы тағайындалып, жұмыстар атқарып келеді.

Мұражайларға жүктелген аса маңызды бірі міндеттердің тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру, сақтау, рухани тәрбиеге пайдалану, дәріптеу. Мұражайдың негізгі жұмысы – тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерді, тарихи оқиғаларды насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық рухта тәрбиелеу.

Мұражай ең алдымен –таным, тәлім-тәрбие орны, ғылыми-ағартушылық орталық. Сондықтанда біздің алдымыздағы өзекті міндет – ұрпақ тәрбиесіне, ұлтымыздың болашағын тәрбиелеуге үлес қосу.

«Естігенің естен шықса, көрген қалар көңіліңде, бір нәрсені жасап ұқсаң, ұмытылмас өміріңде», – деп Шығыс даналығында айтылғандай, мұражайда семинарлар, конференциялар, кездесулер, сыр сұхбаттар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады.

Мектеп дирекциясының қолдауымен мұражайда жинақталған материалдарымнан 2014 жылы «Ауыл тарихы-Өлкенің айнасы» және «Шерлі шежірелі шындық» атты екі кітап жарық көрді. Оқушылар аудандық, республикалық және Халықаралық Дипломдармен марапатталып, жұмыстар кітапшаларға шықса, Елбасымыздың «Мәңгілік ел» кітапшасына Болатқызы Аружан, Бектұрған Асылзат, Тойбек Елжанның аттары енді.

Мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері оқушылар және ауыл тұрғындары қолда бар құнды жәдігерлерімен бөлісіп,өз қолдауларын үнемі көрсетіп отырады.

Қорыта айтқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлттық рух көрсеткіші болып тұр. Сондықтан осы берілген мүмкіндікті жіберіп алмай халықтың қадыр-қасиетін,оның болмысын айқындап, келешек ұрпаққа қалдыруда бір кісідей тың жігермен жұмыс жүргізілуі тиіс.

• Айтулылар айтқан сөз

Нағыз білім атаулыға өздігінен білім алу арқылы ғана қол жетеді.

Н.А.Рубакин

Дина БАТАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

МАҒАН ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ӨЗГЕРІС КЕРЕК

Әлем өзгергендіктен, сіз өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, балаларды сүйесіз және олар мына жылдам өзгеретін әлемде бағыт беріп отыратын сізді қажет ететіндігін білесіз, оны істеу үшін сізге алдымен өз жолыңызды табу қажет. Сондықтан сіз де, олар да өзгеруі қажет.

Неліктен өзгеру қажет? Менің өзгеруім қажет, себебі әлемдегі барлық адамдардың ішінен – біз ғана, яғни мұғалімдер, үзіліссіз оқудың бағасын түсінеміз. Қарым-қатынастың маңыздылығын интуициялы түсінгендіктен, басқа балалар үшін істеген істеріміз арқылы өз балаларымызға мұра қылып қалдыруға мүдделі болғандықтан, мен өзгеремін. Оқу бір жерде тұрмайтынын, өзгерістің болмауы өсудің тоқтағанын білдіретінін түсінгендіктен мен өзгеремін.

Мен осы сұраққа өзімнің жауабымды тереңірек ашқалы отырмын. Қазақстан бойынша Деңгейлік бағдарлама аясында жүргізіліп жатқан біліктілік арттыру курстарына қатысқан әрбір мұғалім осы сұраққа тоқталып, өз ойларын түйіндеген болар. Мен де І деңгей Бағдарламасы бойынша мектепке, мұғалімге өзгерістің қажеттілігі туралы әріптестеріммен бөлістім. Себебі Бағдарлама идеясы сындарлы оқыту теориясына негізделген. Менің пікірімше, қазіргі мектептердің қай-қайсысы болса да сындарлы оқыту үдерісін іске асыруда оқытудың жаңа тәсілдерін тәжірибеге енгізу керек. Ал ол менің және әріптестерімнің өзгеруін қажет етеді. Себебі дәстүрлі көзқараста «оқыту» санаты сынып жағдайында ғана жүзеге асырылатын, белгіленген стандарттарға қатаң сәйкестікте құрылымдалған, мұғалімдер іске асыратын, ақпарат «білетіндерден – білмейтіндерге» деген сызба бойынша берілетін, тестілеу және емтихан түрінде бағаланатын үдеріс. Ал инновациялық көзқараста сұрақтар қойылады, ойлау үдерістері туралы ой қозғалады, оқыту дараландырылады, идеяларды ойластыру, түсіну, растауға, ой-сана мен сезімдерді жандандыруға бағытталған талдау жүргізілетін, өнегелік маңызы бар құндылықтар келісілетін қызмет.

Менің ойымша, теорияны практикамен ұштастыруда қиындықтар кездесіп жатады. Практикаға қажетті әдістемелер сауатсыздық танытып жатады. Игерілген білімдерін нақты жағдайларға, тіршілік құбылыстарын дәлелдеуге жеткіліксіз болып жатыр. Халықаралық зерттеулердің (TIMSS және PISA) нәтижелері оқушылардың көпшілігі әдіснамалық және экологиялық

біліммен қаруланған. Талдау, салыстыру, ғылыми дәлелдеу, көзқарастарын негіздеуде талап ететін тапсырмаларды орындауда төмен нәтижелер көрсетеді.

Елдің бәсекелестігін дамытуда білім-ғылым саласына басымдық беру – бұл болашаққа ақыл-ой инвестициясын салумен бірдей. Білім-ғылым саласы кез келген мемлекет үшін тұрақты әрі орнықты дамудың негізгі факторы болып табылады. Білімге салынған қаржы елге кейін бірнеше есе қайтары сөзсіз.

Жаһандану жағдайында білім беру саласы жоғары дамыған елдер арасында Финляндия, Қытай, Сингапур елдері ерекше көзге түседі.

Фин мемлекетінде мұғалім, ұстаз мәртебесінің жоғары болуы, мұндай мамандық иесіне деген құрметтің ерекшелігі де өзгеше.

Соның айғағы болар, Фин еліндегі мектепті бітіруші түлектер арасында ұстаздыққа деген құлшыныс жоғары болатын көрінеді. Финляндия Білім министрлігі педагогикалық кадрлар құрамын жасарту саясатын үнемі жүргізеді, нәтижесінде мектепке талантты әрі жас мамандар көп тартылады.

Ал, Қытай мен Жапония болса жаһандану жағдайында өздерінің ұлттық мемлекеттерінің мәртебесін алдыңғы орынға қояды. Бұл елдерде оқушылар 13 жасқа дейін міндетті түрде ана тілінде білім алуы көзделген. Менің ойымша, егер 13 жасқа дейін ана тілімен сусындаған адам еш уақытта өз тілін ұмытпайды.

Білім жүйесі бойынша шет ел мемлекеттері соңғы 10-15 жылда қарқынды реформалар жасап тастады. Әлемдегі ғылыми-техникалық прогресс пен ғылыми жаңалықтар қолжетімді білім мен ақпарат көлемін мейлінше арттырып жіберді. Менің ойымша, елді елең еткізгені – электрондық білім беру, қаржыландыру, сапаны ұлт деңгейінде қадағалау, Кембридж университеті бағдарламасы бойынша оқытушылар біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі. Кез келген мемлекеттің білім беру жүйесі әлеуметтік тапсырыс пен мемлекет сұранысын ескере отырып, өзгермелі заманда үнемі жаңартуды және жетілдіруді талап етеді. Ал мұғалімнің рөлі еш азаймайды, өйткені кәдімгі сабақтар жойылмайды. Педагог білім берудің жаңа құралдарына ие болады, оны дәстүрлі әдістермен қатар тиімді қолдану бірінші кезекте ұстаздың өзіне байланысты. Күні кеше ғана мұғалім өскелең ұрпақ үшін білімнің ең басты, тіпті жалғыз қайнары болды. Бүгінде жағдай басқаша. Әр оқушының алдында телегей-теңіз ақпарат бар. Бұл ақпараттар адамзаттың таптырмас жетістігі – ғаламтор және ғаламдық қатынас технологияларының көмегімен келеді. Қазіргі таңдағы балалар өз өмірін онсыз елестете де алмайды. Ол балаларды өз пәніне оқытып қана қоймай, мағлұматты өздігінен табуды, маңыздыларын іріктеп, кәдеге аспайтын, қажет емес ақпараттық ағымдарды сүзгіден өткізіп отыруы қажет. Бұл – мұғалімнің түбегейлі жаңа және оңайға түспейтін миссиясы. Осыған байланысты әлемнің көптеген елдеріндегі білім беру реформаларын зерттеп көрсек, әлем бойынша академиялық рейтингтен алғашқы 10-орынды АҚШ, Швеция, Канада, Финляндия, Дания, Швейцария, Норвегия, Австралия, Голландия және Ұлыбритания алды. Дегенмен кейбір елдердің білім жүйесін зерттегенімізде мынадай сұрақтар туындады. Басқа Еуропа елдеріндегі тәжірибені біздің Қазақстан мектептерінде енгізе беруіміз керек пе? Біздің менталитетімізге, ұлттық болмысымызға сай келеді ме? Біздің мемлекетіміздің мектептері материалдық деңгейде дайын ба?

Еуропа елдерінде қалыптасқан дәстүрі мен тарихы бар британ білім жүйесі оқушыларды тәуелсіз ойлай және өзі жұмыс жасай алуға дағдыландырады. Бұл қасиет – әлемдегі ең бағалысы. Ұлыбританияның орта мектептерінде оқытуды ұйымдастыру толығымен саралау принципіне құрылған.

Ресей мектебі оқушыларды саралап оқыту

бойынша жеткілікті тәжірибе жинақтады. Білім беру ұйымдарының жаңа нұсқалары – гимназиялар, лицейлер, колледждердің пайда болуы ықпал етті.

Жер жаһанда әр түрлі ой-пікірлер туғызатын өзгерістер орын алуда, бұл өзгерістер адамзат өмірі мен қызметінің барлық салаларына, әсіресе, білім саласына әсерін тигізуде. Жоғары оқу, арнаулы оқу және мектеп орындарын тәмамдаған тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі, кәсіби және әлеуметтік ұтқырлығы сұранысқа ие бола бастады. Бұқаралық ақпарат құралдарының ашықтығы, компьютерлік желілердің қолжетімділігі, өмір салты, өзін-өзі ұстау, мұғалім мен білім алушының арасындағы қарым-қатынастар жөнінде дәстүрлі түсінікті кеңейтіп, өзгертуде. Менің ойымша, дамуды ойлаған ел ең алдымен ғылымның, білімнің әлемдік деңгейге сай болуын ойлайды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев серпінді білім беру бағдарламаларының бастамашысы бола отырып, білім беру жүйесін дамыту керек деді. Мемлекет басшысы барлық бағдарламалық құжаттарда сапа, адами капиталға инвестициялардың толықтығы және ұлттың бәсекеге қабілеттілігі арасындағы өзара байланысты атап көрсетеді. «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деген болатын.

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері « Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, менің ойымша құзіреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінемін.

Елімізде қабылданған оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту мақсатында қабылданған бес жылдық ұлттық жоспардың мақсаты жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Қазіргі қоғамның маңызды проблемаларының бірі – дамып бара жатқан әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны емес, көшбасшы тұлғаны қалыптастыруымыз керек болып отыр.

Мен қазіргі кезде «көшбасшы» санатының мәні өзгергендігін білдім. Дәстүрлі және инновациялық көзқарастарды ой елегінен өткізе отырып және де жіктей келе айырмашылықтарын анықтағанда, осыған дейін Көшбасшы деп ұжымның бірінші басшылары, сондай-ақ белгілі бір мәртебесі мен тиісті өкілеттілігі бар харизмалы, үйірімпаз, бақылау жүргізетін, барлық жағдайларда қолданылатын «үздік» үлгілік тәсілдердің әмбебап жинағын пайдаланатын тұлғалар деп санасам, қазіргі түсінуіме сәйкес көшбасшылық шынайы мәнмәтінмен үйлескен, маңайындағыларға ықпал ететін, белгілі бір инновациялар мен шешім қабылдауға бастама жасайтын, барынша қолайлы және өзгеріп отыратын оқуды қамтамасыз ететін тұлға.(«МТ кезеңі» 4-бет)

Енді ондай көшбасшыны қалай аламыз? Нұсқаулықпен таныса отырып көшбасшы біз болуымыз керек екенін ұғындым да, мұғалім

ретінде мектепте білім жүйесін жетілдіру кезеңінде көшбасшы деңгейінде атқарған жұмыстарым тиімді, пайдалы болатынына көз жеткізіп отырмын. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта қарау қажет екенін мен теледидардан көріп, әдеби кітаптар мен баспасөз ақпарат құралдарынан оқып отырмын. Білім саласының қарқынды өзгеруі білім саясаткерлері үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде біздер – мектеп мұғалімдері үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отыр.

Қазіргі таңда заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осындай (МАН.5-бет).

Іс-тәжірибені өзгерту арқылы ғана, біз білім беруді реформалауды жүзеге асыра аламыз және Қазақстанның барлық оқушылары үшін барлық сатыда және барлық пәндерде қызықты, әрі пәрменді болатын оқытуға топтасу қуатты дәлел болып көрінуі мүмкін.Өзгерістер үшін көшбасшылық оқушылардың болашағы үшін моральдық жауапкершілікпен келеді.

Біздің мақсатымыз – оқушыларды сын тұрғысынан бағалау мүмкіншіліктерімен қамтамасыз ету және ол алған білімімізді шығармашылық тұрғыдан тиімді қолдану болуы тиіс.Оны істеу үшін, оқушыларға сыни ойлау, мәселелерді ұтымды шешу және осы мәселелерді шешу үшін басқаларымен бірігуіміз қажет. Бізге, яғни мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеледі, себебі біздің педагогикамыз әлем азаматының дамуын қолдайтын құрал болады. Біздің жақсы оқушымыз білімді, сыни болуы және шығармашылық көзқарасымен ерекшеленуі тиіс.

Шульман (2007) «басты, қолдарды және жүректі», атап айтқанда, теориялық ұғынуды, іс-тәжірибелік дағдыны және кәсіби тұтастылықты қолданатын жақсы оқытуды сипаттайды. Менің көптеген әріптестерім сияқты мен де жұмыста өзімді мұғалім деп есептейтіндігіме қарамастан, әлем жаратылысы өзгерді деп, тиімді оқытуды қолдайтын көзқарас ілгерілегендігін, теория мен іс-тәжірибенің арасындағы байланысты байқадым. Жаңа теория жаңа іс-тәжірибені әкеледі, менің іс-тәжірибеме деген көзқарас жаңа кәсіби дағдылардың дамуын іздестіру үрдісіндегі түсінігімді тереңдетті.

Деңгейлік Бағдарлама дәрістерінің нәтижесінде мен оқытудағы өзімнің іс-тәжірибеме сыни тұрғыдан қарай бастадым және оқушыларымның жеке қажеттілігін ұғынуым және әрбір оқушыға барынша сыни, тиімді және проблемаларды бірлесіп шешуде көмектесетін оқытудың ортасын қалыптастыру мүмкіндігі бар екендігіне көзім жетті.

Деңгейлік Бағдарлама дәрістеріндегі тақырыптардың ішінен «оқыту үшін бағалау» тақырыбына келгенде, менде екі проблемалық мәселе туындап, өзіндік қызығушылығым болды. 15 жылдық еңбек өтілімде біріншіден, осы уақытқа дейін оқушыларды өзім бағалап келсем, екіншіден, қойылған бағалар оқушыны «қанағаттандырды ма, жоқ па» ол туралы мен ойламаппын. Мерсер мен Фишер (1993) мұғалімнен оқушыға жауапкершілікті беру негізді тиімді қалыптастырудың мақсаты болып табылады. Оқыту үшін бағалауға қолдау көрсететін педагогикалық стратегияларды енгізу мәселесінде ұстаздардың көздерін жеткізу қиын болады. Дегенмен де, оқушыларымызға өзінің бағалауына бақылау жүргізу мүмкіндігін берген жағдайда оқушыларымыз айтарлықтай табысты болады деген дәлелді қолдайтын көптеген зерттеулер бар. Бұл жерде мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы қажет, мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, бұл үдеріске оқушылар да белсенді қатысуы керек. (МАН. 25-бет).

Мектептегі білім сапасын бағалаудың

қазіргі жүйесінен әлдеқайда объективті және тиімді жүйесін әзірлеу керек.

Біздің мектептерде әлі күнге дейін «оқыту сапасы» дегенді «4» пен «5»-ке оқитын оқушылар санының пайыздық қатынасы деп түсінетін ескі ұғым бар. Әлемдік тәжірибеде білім сапасы нақты критериийлерге сәйкес: Білім – түсіну – қолдану - жүйелеу және жалпылау мақсаттары бойынша бағаланады.

Ал, біздің мұғалімдер «өте жақсы» деген баға сапа иерархиясындағы ең төменгі білім деңгейі үшін ғана қойылатынын білмейді. Қазіргі оқулықтарда төмен деңгейден жоғары деңгейге өтуге ықпал ететін деңгейлік тапсырмалар жүйесі жоқ. Сондықтан, оқушылардың ҰБТ-да логикалық есептерді шығара алмауы таң қалдырмайды.

PISA зерттеулерінің нәтижесі бойынша оқушыларымыздың 65 елдің арасында 58-ші орынға ие болуы да осыған байланысты.

Мектеп мұғалімдерінің көшбасшылық қабілетін дамыту идеясын қосар едім.

Оқуға бағытталған көшбасшылық жоғары сапалы білім берілуіне қол жеткізу мақсатында оқу үдерісіне және мұғалімдердің, қызметкерлердің нәтижелеріне бағдарланған. Көшбасшы мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісін бақылау, нәтижелерді пайдалану, мұғалімдердің күшті тұстарын анықтап, олардың қажеттіліктерін білу, оқушылар топтары мен мектептің құрылымдық бөлімшелері үшін басымдықты белгілеу арқылы сыныптардың немесе бүкіл мектеп ішінде не болып жатқанын біліп отырады (МАН. 18-бет).

Көшбасшы мұғалім ол кім? Менің ойымша, өз тәжірибесімен бөлісетін, кәсіби біліктілігі жоғары, өз артынан ізбасарлары бар мұғалім. Айта кетсем, біз қазіргі таңда бірінші (озық) деңгей бағдарламасын оқып жатырмыз. Осы курстан алған теориялық білімдерімізді, өзіміздің іс-тәжірибемізді мектебіміздегі мұғалімдерге үйрете отырып, ізбасар мұғалімдер дайындаймыз деп есептеймін.

XXI ғасыр мұғалімі «Нені оқыту керек?» , «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздеп қана қоймай, қажетті оқыту технологиясын тиімді пайдалану негізінде, «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің жауабы табылатындай болуы тиіс деп ойлаймын. Осы сұрақтар жауабын нақты табатын болсақ, шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім шығады. Сонымен қатар, оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің кеңістігін құруға қабілетті болады.

Мен әлемді өзгерту – жалпы өзгеріс болдыру үшін мұғалім болдым... Мен дұрыс бірдеңе істеу үшін өзгеремін – себебі ол дұрыс және мен басқаларға үлгі болу қажеттігін түсінемін, өйткені олардың да дұрыс істегені жөн. Мен істегендерімнің ұзақ нәтижесі бар екенін білемін...

Пайдаланылған әдебиеттер :

1.2011-2020 жж арналған Білім бағдарламасы

2.2011-2016 жж арналған Ұлттық жоспар

3.Интернет саиты (http: //www.unesco/)

4.«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Білім және ғылым хабаршысы, 2004, № 1, 3-18 б.

5.Бейіндік мектеп: 12 жылдық білім беру жағдайындағы даму болашағы. Әдістемелік құрал.Астана (2013)

6.Әлемдік педагогикалық ой – сана (2012ж)Алматы

7. К.Құдайбергенова «Құзырлылық-тұлға дамуының сапалық критерийі» 2008

Ләззат ТҰМЕНБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шәкірттеріме тілек!

Қорқынышты көрінді ме мұғалім,
Деп айтқанша: «Айналайын,шырағым!».
Көз алдымда бәріңнің де жәудіреп,
Мені сәл-пәл бөтенсініп тұрғаның.

Сонан кейін қол созып қалам-дәптерге,
Алғашқы айбақ, сызық салдық беттерге.
Кейде гулеп,кейде билеп ән салып,
Ұқсаушы едік ақар-шақар кептерге.

Бәрі енді еске түсіп тұр бүгін,
Қимастықтың тұманына тұнды үнім.
Шындығым сол жүректегі шәкірттер,
Көрсем деймін болашақтың жұлдызын.

Жақсы істерің болып жатса құптадым,
Дей алмаймын ағатқа қабақ шытпадым.
Енді сендер елдің сенген ертеңі,
Жазылмасын ақ сапарда жұптарың.

Ашасыңдар болашақтың беттерін,
Бойларыңда оралымды ой, дөп сенім.
Жақсылықпен қуантыңдар біздерді,
Ұмытпаңдар Қызылтудың мектебін.

Алыс-алыс армандарға беттедің,
Қандай ғажап ойға алғанға жеткенің!
Ақ жол менен сәтті сапар тілейді,
Барлық ұстаз, алтын ұя мектебің!

Айнакүл ЖАРҚЫМБЕКОВА,
директордың бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары

ЗАМАН ТАЛАБЫ – БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Неміс философы Зиммельдің айтуынша, «білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам». Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады.

Әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында еліміздің білім беру ісінде соңғы жылдары түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Соның ішінде ең бастысы, білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан реформалар күрделі, қиын, қарама-қайшы белестерді ақырын-ақырын артқа сап, жылжып келеді. Бұл қасиетті істерде мұғалімге қойылар талап та ерекше. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру.

Елбасымыз алға міндет етіп қойғандай өзіндік өмір өрнегін жасай алатын, өзіндік даму арнасын белгілеп, өмірдің қиыр көкжиегіне батыл қадам басатын бүгінгі бәсекенің қатал заңына икемді ұрпақтың тұғыры мектептен басталады. Оның алғы шарты оқушы бойында өмірлік бейімділіктерді қалыптастырумен орындалады.

Бүгінгі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың күрделенуі, ақпараттар ағымының қарқындауы, бәсекелестіктің артуы сияқты жағдаяттар білім беру ұйымдарының түлектеріне елеулі жоғары талаптарды жүктейді. Бұл жағдайда жалпы білім беру мақсаты көп міндетті құзырлармен, шығармашылық іс- әрекет тәжірибесімен қаруланған, бүгінгі өзгермелі жағдайларда бағдарлана алуға дайын адамды дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту

тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін- өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда жаңа талаптар қоя отырып, ұлттық рухта болашақ ұрпаққа бейіндік оқыту мен тәрбие беру әрі оны психологиялық тұрғыдан алдын-ала анықтау қажет деп санаймын.

Бейіндік оқыту - оқушылардың өздерінің танымдық қызығушылықтарына, қабілеттілігіне, оқудағы жеткен жетістіктеріне және кәсіби ниеттеріне байланысты олардың оқыту бағдарын еркінше таңдап алуға негізделген. Ол оқушылардың белгілі бір тобына қатысты даралық тұрғыдан қарауды жүзеге асыруға бағытталған. Әр топтағы оқыту үрдісі түрліше жүреді: білім мазмұнымен ерекшеленеді, оған қандай да бір оқыту әдістерінің, түрлерінің және формаларының басымдық рөлі, оқушылар мен мұғалімнің өзара қарым- қатынас стилі өзгереді.

Бейіндік оқыту - білім беру процесінің құрылымы, мазмұны және ұйымдастырылуына өзгерістер енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығы, бейімі мен қабілеттерін толық есепке алуға, оқушыларға олардың кәсіптік сұраныстары мен білім алуды одан әрі жалғастыру мүмкіндіктеріне сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік беретін оқытуды саралау мен даралау құралы болып табылады.

Еліміздің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын әрбір мемлекеттің мәдени-экономикалық дамуы қайсібір тарихи кезеңдерде болмасын ондағы кәсіптік білім жүйесінің деңгейіне байланыстылығы дәлелденді. Сондықтан да қазіргі таңда кәсіптік білімге орай бейімдеп оқыту көзқарасы да, сұранысы да әлемдік деңгейде бетбұрыс алуда. Осыған орай білім берудің мақсаты бұрынғыдай жастарды әмбебап біліммен қаруландыру емес, оларға аз-аздан барлық сала жайлы білім емес, терең бір ғана сала бойынша білім беру. Осыны жүзеге асыру үшін елімізде бейіндік оқыту ұйымдастырылуда. Бала болашағы оның жаңа тұжырымдарды түсінуі мен қабылдай білуіне, дұрыс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талап: ойлылық, салмақтылық, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Бейіндік оқыту білім беру сапасын көтеру, мемлекеттің және қоғамның, тұлғалық өзекті және келешектегі қажеттіліктерді жүзеге асыру әдістерінің бірі ретінде ұсынылып отыр.Жоғары сынып оқушыларының кәсіптік өзін-өзі анықтауы негіздері П.П.Блонский, С.И.Вершинин, В.И.Журавлев, Е.А.Климов, Н.Н.Чистяков, С.Т.Щацкий т.б. еңбектерінде көрсетілген.

Соңғы жылдары оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына деген көзқарас біршама өзгерді, әйтсе де бұл өзгерістер ең алдымен білім беруді жетілдіру тұжырымдамаларына бейін алды әзірліктің және жалпы білім берудің жоғары сатысында оқушыларға бейіндік оқытуды енгізумен байланысты.

12 жылдық білім берудегі бейіндік мектепке ауысу оқушылардың кәсіби анықталуын көп кезеңді етеді: бейіндік бағыт - мамандық таңдау. Оқушылардың түрлі дәрежеде олардың қажеттіліктері мен қабілеттілігіне сай толықтай білім алуларына себептесу арқылы бейіндік оқытуды енгізу оқушыларды болашақ кәсіптік бағдарлаудың іс-әрекет ортасына және олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына оң әсерін тигізеді.

Сонымен қазіргі жаңа қоғамның сұранысына сәйкес кәсіптік білімге орай бейімдеп оқытуды жүзеге асыру қажеттіліктері оқушыларды бейіналды дайындау мәселелерінің толық зерттелмеуі, оқушылардың мамандық таңдау қажеттілігі мен оларда мамандық, кәсіптік еңбек әлемі жөнінде қажетті білімдердің жоқтығы арасында, оқушылардың тұлғалық мүмкіндіктері мен мамандықтың адамға қояр талаптары арасында, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мен қазіргі еңбек нарығында олардың таңдаған мамандығының жеткілікті деңгейде жетілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтың орын алғандығы байқалады. Мектепте бейіналды дайындықты ұйымдастыру жүйелі жүргізілсе, оқушыларды кәсіптік әлемі жөнінде қажетті біліммен қаруландырып,олардың танымдық мүмкіндіктері, қызығушылықтары, қабілеттері, бейімділіктері,шығармашылық белсенділігі дұрыс қалыптастырылып, бейіндік бағыт таңдауда қателеспес еді.

Оқушылардың іскерлік қызығушылығын зерттеу мен бейінін байқау, бейін бойынша оқытудың негізгі бөлігі болып есептеледі, ал бұл психологиялық әдістемеге сүйенуді талап етеді. Әрбір бейін бойынша оқыту сыныптарында ашық түрде және нақты таңдаудың түрі жүріп жатуы керек. Қазіргі көзқарас бойынша кәсіптік жетістік ол адамның қалай туғанына емес еңбек іс-әрекетінде қалыптасады. Кәсіптік шеберліктің тууына қалыпты кәсіби түрткі әсер етуі керек,қысқаша айтсақ жұмыс істеуге ниеті, сонымен бірге соған сәйкес қабілеті, негізге сүйене дағдысы қалыптасуы керек. Бейін таңдау оқытуда сыныптарды іріктеу мамандық таңдау бойынша жүйелі жұмысты емес, оны толықтыруды, қайта қарауды талап етеді.

Қазіргі жас жеткіншектердің қабылдау ерекшеліктері, жаңа әлеуметтік-экономикалық міндет, бейіндік оқыту міндеті қанша тапсырма берілгенге емес, әдістемелердің құрылымы түрлеріне байланысты. Нәтижелі әдістемелерден соң интеллектінің дамуы көтеріледі, эрудициясы өседі, өмірлік құндылық пен приоритеті өзгереді.

Қорыта келгенде, оқушыларды бейіналды дайындауды жүйелі ұйымдастыру қабілеттері мен бейімділіктеріне қарай ғылымның, өндірістің, өнердің белгілі бір саласында озық нәтижеге қол жеткізе алатын мамандықты таңдауға бағыттайды деп есептеймін. Осы орайда ауыл тарихында өзіндік орны бар №149 «Қызылту» орта мектебінің түлектері жайлы айтып өтуге болады. Мектептен сон қоғамнан өз орындарын ойып тұрып алып өз мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыра білген түлектеріміз қаншама? Оқушының оқудағы, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік қызмет саласындағы құзіреттілігін айқындай отырып, жеке жетістіктерінің негізінде өз бейінін айқындау мен шыңдай түсуде оқытудың жаңа формалары мен психологиялық қызметті құру әрі оның жан -жақты жұмыс жасауы көптеген тиімділіктерді береді деген сенімдемін.

Гүлмира БАЙДАРБЕКОВА,
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

АСЫЛ ДІНІМ – ҚАСИЕТІМ

Оян, қазақ, өз дініңді ұмытпа!
Дініңді сен ардақтағын, құнтта!
Көз алдыңда тура жолың тұрғанда,
Қателесіп жаман жолмен былықпа!
М.Дулатұлы

Адам баласының болмысы өте жұмбақ. Өмір атты аласапыран тіршілікте басынан сан қилы тағдыр соқпақтарын өткереді. Жақсылықтың дәмін татса, кеудесі нұрға тола шаттанады. Жаманшылыққа тап болса, жаны күйзеліп, көкірегі қарс айырылады. Айналасының барлығын қараңғылық басқандай күй кешіп, жарыққа шығар жол іздей бастайды. Сол кезде санасында пайда болған сәуле оны алға жетелейді. Ол сәуле- Жаратушы Аллаға, оның құдіретіне деген риясыз сенім. Пендесі болып жатқан жақсылық та, жамандық та тек Алланың қалауы екендігін түйсінеді. Адам баласы Жаратушыдан әрбір болған істің қайырын сұрап, келер күнді жақсылықпен жарылқауын тілейді. Сөйтіп шын мұсылман құдіреті күшті Алланың қалауымен болып жатқан әрбір іске терең түсіністік танытып, салиқалы сабыр қылады. Аллаға шүкір! Бұл- бүгінгі мұсылманның бейнесі. Бұл- ел тәуелсіздігімен бірге қайта оралған ділді діттеген, дінді діңгек еткен, жүрегіне иман ұялаған қазақтың, исі мұсылманның тұлғасы.Кешегі кеңестік империя кезіндегі ислам дінінің аяққа тапталғаны соншалықты одан кейінгі бірнеше ұрпақтың Алланың барлығына, бірлігіне сенбей имансыз күй кешуіне әкеп соқты. Жетпіс жыл бойы Кеңестер Одағының құрамында болған қазақ елі отаршыл пиғылдағы саясаттың салдарынан ұлттық құндылықтарынан қол үзіп, ата діннен аластаған еді.Ел ішінде атеистік тәрбие кең етек алды. Молдалар қудаланып, мешіттер мал қораға айналды. Жүрегіне берік сенім ұялаған үлкен кісілер «діншіл» деген айыптаудан қорқып ел көзінше намаз оқымай, тасада ғибадат етуге мәжбүр болды. Алланың атын ауызға алуға тыйым салынды. Мәселен, кеңес үкіметі кезінде Әліппе кіріспесіне үнемі жазылатын Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіндегі «Бір Аллаға сыйынып...» деген алғашқы тармағы әдейі алынып тасталды. Осындай сұрқия саясаттың салдарынан ұлттық болмысы бұлыңғыр, жүрегінде иманы жоқ жастар «Тағдырды өзіміз жасаймыз, болашақтың кілті –әрқайсысымыздың қолымызда» деп тек өзіне ғана сенетін ұрпақ қалыптасты. Тығырыққа тірелген туған еліме Тәңірдің өзі Тәуелсіздікті сыйға берді.Кейде маған Кеңестер одағы тұсындағы имансыздықтың салқын салдарынан дендеген дерттің жарасы күні

бүгінге дейін жазылмағандай сезіледі. Үлкенді сыйламайтын кіші, ерін қадірлемейтін әйел, жолы сұйық ұл, жартылай жалаңаш киінетін қыздарды көргенде қатты қынжыламын. Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаевтың «Адам баласын заман өсіреді. Кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деген ұлағатты сөзі бар.Замандастарымыздың бойынан көретін жағымсыз қылықтардың көбеюіне әрқайсымыз бейжай қарамауымыз керек. Абайша «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» екенін алдымен өзіміз терең ұғынып, сосын басқа мұсылман бауырларымыздың санасына сіңіре алсақ Алланың нұры жауар еді. Өйткені ислам діні- ақ пен қараның ара жігін анық ажыратып, адал жолды нұсқаған асыл дін. Ислам діні- мұсылманның жүрегінен орын алып, оны харам істермен кірлетпей таза сақтауға үйретететін ізгі дін. Ислам діні жаманшылықтан тыйылмаған жанның барар жері тозақ екенін ескертетін хақ дін.Ислам діні- таудай күнәсі болса да тәубеге келсе күнә атаулысын кешіретін өте мейірімді, құдіретті дін.Хазреті Әли «Радиаллаһуанһ» сүресінде айтқандай: «Дін- адамдарды мәңгілік бақытқа жетелейтін, Аллаһу да Алла тарапынан көрсетілген жол».

Дін- бейне бір тұңғиық терең теңіз. Ислам дінінде Алла нұсқаған шариғатты бұрмаламай орындаушылар сол теңіздің мөлдір суына шомылып, күнәдан тазарып, су түбінде жатқан гауһар тастарды тергендей қанағат тауып, жаны жайланады. Алайда бүгінде ислам дінінің тұңғиық теңізінде адасып, басқа бағытқа бет түзеген мұсылмандар көбейіп кетті.Қазақсан Республикасының территориясында 250-ге жуық шетел миссионерлері жұмыс жасайды екен. Олардың ішінде исламды немесе басқа дінді жамылып, өзінің жеке басының материалдық, саяси, басқа да мақсаттарына жетуге тырысатындар бар. Мұндай ұйымдардың жақтаушылары өздерінің қатарларына үгіт қағаздарын, ақша, кейде есірткі тарата отырып ,жастарды сол ұйымға тартады.Жат пиғылды мұндай экстремистік ұйымдар жастардың санасын улайды.Экстремизм діндегі жеңілдеткен үкімдерді ауырлатып айтып, халыққа түймедейді түйедей етіп көрсетіп бағады. Сол ағымдардың алдауына, азғыруына көніп, солардың қармағына ілінген қаракөз бауырларымызды ойлағанда, өзекке өрт түскендей өкінішті сезесің. Қаншама қандас бауырларымыз діни сауатсыздықтың салдарынан осы теріс пиғылды адамдардың қолшоқпары болып, солардың жыртысын жыртып, сойылын соғып жүр.Осы діни ұйымдардың қай-қайсысын алсаңыз да негізгі мақсаты теракт ұйымдастыру, мемлекеттік төңкеріс жасау , террористер дайындау, халифат құру.Осындай арам ниетті ұйымдар кейбір мемлекеттерде мыңдаған адамның өмірін қиюға себепкер болып отыр. Әсіресе Сирия жеріндегі болып жатқан қанды оқиғаларды жатқызуымызға болады. Ел тыныштығын сақтау, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету- әрбір азаматтың міндеті. Қазақстан Президентінің халыққа Жолдауында айтылғандай, «Ұлттық қауіпсіздік Тәуелсіз мемлекетіміздің өмір сүруінің басты кепілдігі, оны қорғау- әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы».. Елбасы өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында: «Екі нәрседен- діни дүмшелік пен фанатизмнен сақтану керек» деп атап кеткен болатын. ҚР-ның Ата Заңының 5-бабында діни ұйымдар мен діндер жөнінде былай делінген: «Мақсаты- конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, республиканың біртұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиянын тигізуге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, қауымдастық және туыстық араздықты таратуға, сонымен бірге заңмен қарастырылмаған әскери құрамалар құруға бағытталған қоғамдық ұйымдарды құруға, әрекет етуіне тыйым салынады».

Күллі мақұлық өзгерер, Алла өзгермес,
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес,-деп

Абай толғағандай, адамгершілікті, ізгілікті жаңғырту жолында санамыз сан-саққа сергелдең болмай, ниетіміз ақ, иманымыз мықты ,ойымыз орнықты болу керек.Рух кемелденуі үшін адам ибалы, қоғам иманды болу керек. Алла барлығымыздың бойымызға иман, елімізге амандық, жерімізге тыныштықты нәсіп еткей.

Нұрайым АЙБЕККЫЗЫ
10 сынып оқушысы

МЕНІҢ АРМАНЫМ

Қараша айының бірде ызғарымен тоңдырып, бірде арайлы шуағымен жылытып тұрған күндерінің бірі еді. Көзді ашып-жұмғанша демалыс аяқталып, сабақ басталып кеткен.

Мен сүйіп оқитын, асыға күтетін қазақ әдебиеті сабағы.Бүгін біз бар өмірі мен шығармашылығын бір ғана қасиетті ұлы мұратқа,ұлы арманға - халқының бостандығына арнаған жалынды ақын, наркескен батыр Махамбеттің өлеңдерімен таныстық.

Бүкіл ғұмырын күрес, арпалыс үстінде өткізген ақынның жырлары кек пен жалынға, арман мен үмітке, өр рухқа толы екеніне тағы да бір көз жеткіздік.

Сол күні бізге ұстазымыз «Менің алға қойған арманым» тақырыбында эссе жазу туралы тапсырма берді.

Мына сәйкестікке қараңызшы?! Жалынды ақынның ұлы арманы мен «Өмір» кемесіне енді ғана қадам басқан менің болашаққа деген асқақ армандарым қалай тоғысуы мүмкін? Өзімнің болашағымды, арман- мұратымды халқымның өткенімен байланыстыра беремін.

Көп үшін жаралған күн нұрын халық басынан қағып алып, ат төбеліндей ғана үстем қауымға түсірмек болғандарға қарсы шығып, сол өмір нұрындай күн нұрын қалың елдің басына түсіруді мұрат еткен ата-бабаларымыздың арманы орындалды. XX ғасырдың соңында қазақ елі аңсаған азаттығына қол жеткізді, тәуелсіз ел болдық. Бұл тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ.

Ата-бабамыздың арманы еді:

Тізгінін ұстап елдіктің,

Тұтқасын тауып теңдіктің,

Тәуелсіз ел боп танылу!

Бұл – ғасырлар бойы төгілген мұхиттай телегей теңіз қызыл қан мен мұңға толы көздерден аққан кермек жас, халқымыз шеккен қасірет пен тауқымет,тағдырдың талқысы еді.

Ия, Тәуелсіздіктің жұлдызын жарқырататын және ата-бабаларымыз аңсаған арманды ақиқатқа айналдыратын да - бүгінгі жас ұрпақ.

Сол жас ұрпақтың бірі - менмін. Мен күн сайын «Нағыз өмір» туралы армандаймын... Егер терең ойлайтын болсақ, шындығында адамға арман керек-ақ, арман бізге бағыт, күш-қуат береді, болашаққа үмітімізді жалғап отырады.

Арман - алға жетелейтін жарық жұлдыз. Кім нені армандайды?Бір сәт өзімше толғанып көрейін:

Елбасы - елдің елдігін, жұртының амандығын, ел тәуелсіздігінің баянды болуын;

Данышпан- мол мұрасының адамзат игілігіне жұмсалуын;

Дәрігер - жанның саулығын;

Мұғалім – шәкіртінің озық ойлы болуын, өмір сырын тануын;

Дихан – егінінің бітік болуын;

Құрылысшы- зәулім ғимараттардың бой көтеруін;

Бағбан- қоршаған ортаның жасыл желекке бөленуін;

Балықшы- күн райының бұзылмауын;

Жүргізуші - жол сапасының дұрыстығын;

Кәсіпкер – табысының мол болуын;

Науқас жан- дертінен айығуды;

Жасөспірім – тезірек ержетуді;

Қарт кісі- артына аталы сөз қалдыруды;

Шешен кісі –сөз бастауды армандайды.

« ...Адамды санай берсең, көп арман да,

«Мінсіз бақ, сансыз дәулет» деп арманда...

Мергенге түзу мылтық, оқ арманда,

Тамақсыз табысы жоқ кәріптерге,

Жалғыз күнгі тамақтың тоғы арманда»,-деп талантты ақын Ж.Нәжімеденов жырлағандай, әр жанның, әрбір мамандық иесінің жүрек түкпірінде өзіндік тілегі, арманы бар.

«Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деп бекер айтпаса керек дана халқымыз. Адам адал еңбек етіп, қиындыққа мойымай, қажырлылық танытқанда ғана өз мұратына жетеді, яғни арманы орындалады.Әйтпесе, арман қиялға айналып, келешектің қамы болмай, ақиқат өмірден алыс, тек ойлап қана ұғатын адам санасындағы әлемге айналады.

Ал менің жан-дүниемдегі, ішкі әлемімдегі дауысым не деп үн қатады, нені армандайды?

«- Менде де бар бір арман,

Маздап жанып, қол бұлғайтын шынардан.

Ұлы баба, бірақ менің арманым

Парыз бенен махаббаттан құралған.

Шамын жақсам, ғылым менен өнердің,

Елімді зор мерекеге бөлермін.

Бұл сапарым азапты да шығар-ау,

Не де болса пешенемнен көрермін.

Мейлі мәңгі жарымайын киімге,

Мейлі түйір нан қалмасын үйімде,

Мейлі ұлының еңбек етіп арымен

Қарлы боран қыран жолын бөгер ме?!

Өнеріммен тасып толам кемерге.

Мен өзіме риза емеспін, елімнің

Мақтанышы бола алмасам егер де»- деп, заңғар ақынымыз М.Шахановтың кейіпкері Әбудің арманы менің арманыммен қанаттас болғанына тағы да таң қалмасқа амалым қалмады.

Менің де арманым – мұғалім болу. Мұғалім – мәртебелі мамандық. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін бұл мамандықты қалауыма анам мен әжемнің ұстаз болғандықтары әсер етті деп ойлаймын. Менің көз алдыма мынадай сурет елестейді: Түн. Айнала жым – жырт. Аспанда жымыңдаған жұлдыздар. Ел түгел ұйқыда, бірақ, ояу бір кісі бар. Ол – мұғалім. Ол -түнімен қисық жолды түзетіп, таңертең шәкірттеріне тәлім беріп, болашаққа қыран етіп түлетуді алдына мақсат етіп қойған бала жанының бағбаны.

Мені қатты қынжылтатын – бүгінде өзім секілді оқушылардың, жас жеткіншектердің тіл мәдениетіне жүрдім-бардым қарауы. Қазірде кейбір жасөспірімдер көшеде жүргенде былапыт сөздерді жиі қолданып, сөз арасын мәдениетсіз сөздермен тұздықтай сөйлеуі етек алып бара жатыр.Аялдамада, көшеде, көпшілік орындарда әсіресе, ер балалардың былапыт сөздерге үйірлігін аңғару қиын емес. Бөгде тілден енген сөздерді жөн- жосықсыз пайдалану да көп байқалады. Ғасырлар бойы жасап келе жатқан, ойға азық, жүрекке оты мол нұрлы тілдің тазалығын сақтау – бүгінгі ұрпақтың міндеті, тіл мүддесі – халықтық ең жоғарғы мүдде.

Ендеше, тіл мүддесі – менің мүддем,

менің тіл маманы болғым келеді.

Арманға жету үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы керек деген ойымды сараптайын. Жақсы ниет, темірдей төзімділік, уақытты бағалау, білімді болу, табандылық, қайырымдылық, ақыл- парасат, тынымсыз еңбектену қажет.

«Арманы адамзат игілігіне бағытталған адамда ұлы даналық бар»,- дейді француз жазушысы А.Франс. Ендеше адам тек жеке басының қамын күйттемей, болашағын өз ортасымен, елімен байланыста армандайтын болса, ел азаматы болғаны.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Білім беру ісі біздің мемлекетімізде басты басымдық, дамуымыздың шешуші факторы екенін ескертемін.Бұл сала ұлттық қауіпсіздігіміздің құрамдас бір бөлігі»,- деп атап көрсеткендей Қазақстанның болашағы білімді жастардың қолында.Оның негізін қалап, білімге бейімдейтін ұстаз. «Ұстаздық бақытқа бөлену –нағыз бақыттың өзі» екеніне көзім жетеді. Еліміздің ең таңдаулы жоғарғы оқу орнында білім алып, арманыма жетсем, менен бақытты адам болмас еді!

«Білімді қара суға қарсы жүзер» дегендей, озық ойлы ел білімін биікке көтерер, еліме елеулі, халқыма қалаулы азамат болу, елге қызмет ету – менің басты арманым.

Осы шығармашылық жұмысты жазуға отырғанымда сағат кешкі сегіз-тоғыздар шамасы еді, жұмысты аяқтағанда уақыт түн ортасынан ауып қалғанын байқадым. Түннің тыныштығымен бірге ақ қанатты періштелер адамдардың тілектерін, армандарын биіктерге ұшырып алып кететін көрінеді. Ендеше, менің де армандарым ақ қанатты періштелермен бірге биіктерге шырқап, орындалатынына сенімдімін.

АУЫЛЫМ

Мен ауылда туып өстім. Ауыл деген жақсы ғой, шіркін! Таза ауа, жасыл желек. Қора толы төрт түлік малын айтсаңшы, Жылқы баптасаң, дертке дауа саумалы мен қымызы, түйе ұстасаң, қымыран мен шұбаты, сиырдың қаймақты сүті мен қою, майлы қатығы, шөліңді басар айраны мен құмарыңды қандырар құрт – майы. Егін егіп, қамба астыққа толса, бақшадан жинаған қауын – қарбызың өз алдына. Көлде шоршыған балық пен жағалай жүзген жабайы қаздар епті болса екінің бірінің қолы жететін дайын ас. Бақтағы майысып, басын көтере алмай тұрған түрлі жемістерді айтсаңызшы! Табиғаттың барлық таусылмас сыйы ауылда. Еңбек етуді сүйетін кез келген ауыл азаматының қолында осының бәрі бар. «Еңбектің көзін тапқан, байлықтың озін табады», - деген Ыбырай ата Жақаевтың ғибратты сөзі дәл бүгінгі еңбек арқылы молшылық пен бақытқа кенелген біздің ауыл адамдары үшін айтылғандай. Диқан атамыз Ыбырай әлемге атын диқандықпен шығарса, мен спортпен ауылымның даңқын көкке көтерсем деймін.Ол үшін қазіргі күннен бастап спортпен шұғылдана бастадым, жеткен жетістіктерім де біршама. Ұстаздарым, достарым,ата-анам менің жетістіктеріммен мақтанса, мен қажырлы, еңбеккор, мейірбан жандары бар ауылыммен мақтанамын!

Айторы ЕРМАХАНҚЫЗЫ
5 сынып оқушысы.

АНА

Көптен бері өз анам Айгүл туралы жазғым келетін. Мен анамды жақсы көремін. Есейгенімнің белгісі ме екен, анамның жарық дүние сыйлап, ақ сүт беріп, түн ұйқысын төрт бөлгенін жиі есіме аламын. Қашан көрсең де үй шаруасымен айналысып, біздің жағдайымыз үшін зыр жүгіретін анам мереке күндері де бір тыным таппайды. Дәмді ас дайындап, дастарханды лезде жайнатып жібереді.Үйде анам болса, үй іші жып – жылы, көңілді болады.

Ернар БАЛТАБАЙ
5 сынып оқушысы.

ҚЫЗЫЛ ГҮЛ-ҚЫЗҒАЛДАҚ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Аружан мен Қайрат ерте көктемде ауыл сыртындағы алаңқайға келіп ойнап жүретін . Олар өзара тату достар еді.

Бір күні олар өздерінің сүйікті алаңқайларына келгенде қауызын жарып, жан-жағына нұр шашып, қуаныш сыйлап тұрған Қызыл гүл-Қызғалдақты көрді. Гүлді бірінші болып көрген Қайрат Аружанға тосын сый жасамақ болып, гүлді үзіп алды.

Сол-ақ екен, айнала алай-түлей дауылдатып, құмды боран соғып, жер қақ айырылып,Қайрат пен Аружан кіп-кішкентай құмырсқадай қалыпқа түсті. Жан-жақтағы болып жатқан құбылыстардан қорқып, бір-бірінің қолдарынан тас қылып ұстап алған. Екінші қолдарымен қызғалдақтың сабағынан ұстамағанда желмен ұшып кеткендей еді.

Дауыл басылып, жан-жақтарын бағдарлай бастағанда оларды құмырсқалар тобы қоршап алды. Қорыққан балалар не істерін білмей қатты састы. Аружан тіпті жылап жіберді.

Осы кезде құмырсқалардың бастығы ым-ишара тілімен олардың жер бетіндегі соңғы қызғалдақты жойып жібергендерін түсіндірді. Өз істеріне қатты ұялған Аружан мен Қайрат өздерінің құмырсқадай екендерін де ұмытып, қателіктерін түзеуге ниет білдірді. Құмырсқалардың басшысы оларға бұл өлкедегі барлық гүлдердің дәндері Алай мен Түлей деп аталатын зұлым сиқыршылардың жасырын қоймасындағы сандықшаларда тығулы екендігін, сиқыршылар өз иелігіндегі жерлерді жіті қадағалап, аяқ басқан жандарды құрт-құмырсқаға айналдырып жіберетінін айтып жеткізді. Аружан мен Қайрат қайткенде де Алай мен Түлейдің қоймасындағы сандықтардан қызғалдақ дәнін алып, оны жойылып кетуден сақтап қалмаққа белдерін бекем буып, сапарға аттанды.

Балалардың келе жатқанынан хабардар болған зұлым сиқыршылар оларға кедергі келтірмекші болып, түрлі зауалдарын жіберді.

Айналаға ми қайнатқан ыстық орнатты, аңызақ жел соқтырды, құмды дауыл тұрғызды. Бірақ балалар алған беттерінен қайтпай, құм арасындағы жасырын қоймадағы дән толы сандықты қолға түсірді.

Сандықты ашып қалғанда айналадағы құмды дауыл тына қалды. Қайрат пен Аружанға дәндерді тасып,жерге көмуге құмырсқалар көмектесті. Құмды дауылдардан бітеліп қалған бұлақ көздерін ашуға бұзаубастар мен бақалар жәрдемдесті. Құмды далаға су келді. Су келген соң қызғалдақ дәндері көктей бастады. Әп-сәтте тамырын жайып, жапырақтарын шығарып, бой түзеді. Көп ұзамай-ақ бүр жарып,

айналаға қызыл кілем төселгендей әсем көрініс пайда болды.

Самал жел тербеген қызғалдақтардың хош иістері мұрындарын жарған Қайрат пен Аружан қайтадан өз қалыптарына түсті. Шаттана қуанған балалар әсем көріністі бірге тамашалауға өз достарын шақырмақ болып ауылға асықты. Жолда келе жатып енді ешқашан гүлдерді жұлмауға , олардың жайқалып өсуіне жағдай жасауға бір-біріне уәде берісті.

Жаз шыға бүкіл ауылдағы үйлердің аулаларында желектері самал желмен тербеліп, жайқалған түрлі гүлдер өсіп тұрды.

Ибрагим ЕРКЕҒАЛИҰЛЫ
5 сынып оқушысы

Қазақты әлемге танытты – Асқар ағам

Гүлім ӘБІЛАСАН
11 сынып оқушысы

Қасиетке тұнған жерім Шиелі,
Топырағыңды дейді сенің киелі.
Сенен шыққан Асқардайын ғалымды,
Бүгінгі таң бүкіл әлем біледі.

Математика – ғылымдардың патшасы,
Бәйтерегің мәуелі орман-бақшасы.
Асқар аға, еңбегің көп сіңірген,
Дәл ғылымның атасы дедім сені мен.

Асқар десе оралмай ма есіңе?
Асқар тауым, асқар шыңым, белесім.
Сол белесті бағындырып бүгінде,
Формулалар тілімен сөйлеп келесің.

Көрсеттің сен сан қырлы дарыныңды,
Бағалаймын ұшан -теңіз қарымыңды.
Әлем білді Шиелінің қарапайым баласын,
Біліміңмен таныттың қазақ даласын.

Төрткүл дүние мойындады біліміңді,
Өзіңе тән алгебралық іліміңді.
Жарыққа шыққан 80-дейін мақалаңмен,
Дәріс оқып, үйреттің іліміңді.

Сеніменен әрқашан мақтанамын,
Қазағымның басына қонған бағым.
Асқаралы 60 жас мерейтойға,
Шын жүректен өзіңе жыр арнадым!

Назым ЖАҚАЕВА
11-сынып оқушысы

БІРЛІК – МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ

Мен өзімнің туған жеріммен мақтанамын: оның әлемде тоғызыншы орын алатын кең байтақ даласын айтып шаттанамын.Мен оның зеңгір көкпен таласқан тауларымен мақтанамын. Мен оның айдын шалқар көлдерімен,ну орман-дарымен мақтанамын.

Мен Астана сынды әсемдігімен әлемді тамсандыра бастаған елордаммен мақтанамын

Мен елінің келешегіне көрегендікпен көз тастай отырып, дамудың айқын бағытын ұстанған Елбасыммен мақтанамын. Өкінішке орай, қазіргі кезде дүние жүзіндегі көптеген мем-лекеттерде ұлтаралық қақтығыстар орын алуда. Ал мен елімде мекен ететін сансыз ұлттардың мамыражай тіршілік етіп жат-қанымен мақтанамын. Теледидардан естіген әртүрлі жаңалықтардан әлемнің түкпір-түкпірінде ұлтаралық қақтығыстарды көріп,өз елімдегі алаңсыз тіршілікке шүкіршілік айтамын. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта,татулықта бірге жұмыла оты-рып, қызметтің түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер,украиндер мен кәрістер, тағы басқа ұлттар еңбектенуде. Мен соңғы жүз жылда Қазақстан жеріне әр түрлі халықтар қоныс тепкеніне жиі ой-ланамын.Олардың тағдырын,өмір тарихын тыңдағанда менің елім одан сайын маған жақындай түседі, оны жақсырақ түсіне бас-таймын. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар,әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып,пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Осында тұрушылардың барлығы қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі керек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында.Ол байырғы, көркем Қазақстан жерінде

бейбітшілікті сақтауға көмектеседі.Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы.

Адам туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын,өйткені сен барсың – менің Қазақстаным! Мен үшін Отан – ең қасиетті сезім. Бұл жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да оралғың келетін Жердің рухани бұрышы.Мен оның шексіз болғанын, және үлкен Отаным татулықта болғанын қалаймын. Мен әрқашанда Қазақстанда тұратын адамдарға жанымның жылуын, жүрегімнің отын сыйлауға дайынмын.

Мен өз Қазақстанымды қалай жақсы көремін? Мен өз Отанымды қалай мақтан тұтпаймын? Ол мені өз құшағына алады, әрдайым жылулық сыйлайды. Менің елімнің жері кең байтақ, онда тұратын тұрғындарының көңілдері жайдары. Өзім қазақ болып жаралғаныма қуанамын, өйткені менің елімнің тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы өте бай. Мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқығанда, өз ұлтыңның қыры мен сырын жете танисың. Мектеп ішінде қазақ тілі мен қатар орыс тілін де оқимыз.Бұл тілді біз басқа мемлекеттің балалары сияқты шетел тілі деп алмаймыз, ол –біздің екінші тіліміз сияқты.Мен өзім орыс халқының әдебиетін халқымның әдебиетімен тең қоямын, өйткені біздің ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы орыс әдебиетін оқып, сол әдебиеттен аударған шығармалары көп.Сол себепті мен де Пушкиннің еңбектері мен мысалшы Крыловтың еңбектерін жақсы көремін.

Жалпылап айтқанда, менің мемлекетімнің шекарасы ешқашан шектеліп,заңымыздың ешқашан ұлт өкілдеріне қайшылық келтірмегенін біз білеміз. «Сыйласаң - сыйлы боларсың» деген мақал бар.Қай ұлт өкілі болмасын сен сыйлай білсең,ол да сені солай сыйлайды да, құрметтейді.Ұлттар арасында достық болса, бейбітшілік болады. 1941 жылы неміс басқыншылары біздің елді басып аламыз дегенде,біздің елдердің ішіне орналасқан әр түрлі ұлт өкілдері бірігіп, елімізге бейбітшілік алып берді емес пе?! Әдебиетте Б.Бұлқышевтің «Шығыс ұлына хат» деген еңбегінде әр ұлттың өкілдерінің ой-арманы беріледі. Соны оқығанда, мен қызығып, таңқалып, тамсанған болатынмын. Ол рас, егер осындай жолдастық, бірлік болмағанда, біз қазір мынандай өмірді сүрмес едік. Ол кісілерге айтар алғысым шексіз. Біз білмейтін талай елдердің соғыстарын, террорлық істерді көргенде шошисың. Бізде бейбітшілік болғанға қуанасың, оның бәрі – Елбасымыздың саясатының арқасы.Тәуелсіз мемлекетімізді уақыт талабына сай ақыл мен терең парасатпен басқарып отырған Нұрсұлтан Назарбаевты қалай мадақтаса да жарасады. Көп халықтың арасында «ши» шығармай, бірлік пен ынтымақтың ұйытқысы болып, дер кезінде республикадағы Ассамблея жұмысын жандандырып, әрбір ұлттың тілін, әдет-ғұрпын насихаттауға мүмкіндік жасалуын қадағалап келеді.

Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады. Ертеде ел басқарған данышпан ақылды адам ұрпақтарына осындай өсиет қалдырған екен.Данышпан адам баласына «Сындыр» деп бір шыбықты береді.Бала біреуін сындырады. Екеуін береді, сындырады, үшеуін зорға дегенде сындырады.Төртеу бергенде сындыра алмайды.Сонда данышпан баласынан «Не ұқтың?» деп сұрайды. Бала «Бәрің бірігіп өмір сүріңдер деген өсиет шығар» дейді. «Дұрыс! Егер адамдар бірге өмір сүрсе,барлық қиындықты жеңуге болады, тірлік етуге болады» деп түсіндірген екен данышпан адам. Ел арасында жиі айтылатын осынау тағылымды аңызды Қазақстан халқы терең түйсінетінін олардың жарасымды тіршілігінен байқауға болады.

Елімізде жүзі басқа жүрегі бір, түрі басқа тілегі бір әр ұлт өкілдерінің басын біріктіретін, олардың мақсат – мүдделерін тоғыстыратын Қазақстан Халықтары Ассамблеясы бар екенін де білемін.Біздің қазақ ұлтының құқығы заңмен қалай сақталса, басқа ұлттардың да құқықтары

солай сақталады.Ассамблея кеңесінің мүшелері жетекшілік ететін республикалық, аймақтық және қалалық Ұлттық мәдени орталықтар жұмыс істейді. Әзірбайжан, грек, қытай, ингуш, неміс, шешен, поляк, т.б. халықтардың ұлттық мәдени орталықтарының жексенбілік мектептері бар.Ассамблея әлемдегі ең танымал, беделді ұйымдармен тығыз іскерлік байланыстар орнатқан.

Байлықтың ең үлкені – халықтар достығы. Қазақстанда әр түрлі ұлт өкілдері тұрады, бәрі де бір ұлттың балаларындай, барлығы да бір-бірімен тең құқықта қарым-қатынас жасай алады, бірдей еңбек етеді. Олардың арман тілектері де бірдей, өйткені бәрінің де жүрегі туған өз Отаны –Қазақстан деп соғады. «Бірлік бар жерде –тірлік бар» дейді біздің халық.Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек.Ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі.Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді.

Қазіргі таңдағы бейбіт тірлігімізұзағынан болғай.Ең бастысы – көп ұлт мекен еткен қазақ жерінің киелі топырағы,қойнауындағы қазынасы құндылығын айқара ашқан әрбір сәбидің бойында «Туған жер – Отаным» деген қасиетті ұран ана сүтімен бойына таралып,әке үнімен қайраттанып,білім нәрімен толысып жатса,жер, ел қадірін бағалау ойы мен санасының төрінен орын алып, арнамысының алдында жауапты болып, ержетіп жатса ел келешегінің кемел екендігіне кім күмән келтірер? Көп ұлтты жеріміз, көп тілеулі көпшіліктің біртұтас мақсаты мен арманы жүзеге асып жатса ел мерейі емес пе?! Себебі,елімізде ең бастысы –ұлтқа бөліп емес, адам деп сыйлау, барлық ұлттың құқықтарының бірдей болуы және қандай ізгі іс болсын басталуына қолдау жасалып жатқандығы, ұлтына қарап емес, іскерлігіне қарай бағаланып жатыр. Туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде әрқайсысымыз өз үлесімізді ел бірлігінің сақталуына, бейбіт те мазмұнды өмір кешуімізге атсалысайық.

•Айтулылар айтқан сөз

Ізгі ниетті адамның қай-қайсысы да туған жерімен өзінің қандас туыстығын, өзінің жан-тәнімен байланысты екенін терең сезінеді.

В.Г.Белинский

Сәуле ОРАЗБАЙ

1975 жылы Алматы облысы Каскелен ауданында туған. 1994-1998 жылдары Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқыған. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультетінің магистратура бөлімін тәмамдаған. Астана қаласында тұрады. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінде қызмет етеді.

ӘЛІПБИ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері өз әліпбиін латынға көшіру туралы сөз қозғап жүр. Кейбіреулер қолдап, өз пікірлерін білдірсе, кейбіреулер қалыс қалып отыр. Осы күрделі мәселеге атүсті қарамай жан-жақты талқылап барып, шешім қабылдау керек.Қазіргі қолданыстағы кириллица қазақ тарихындағы төртінші әліпби. Бабаларымыздың өздері қолданысқа енгізген, пайда болғанына екі жарым мың жылдан астам уақыт болған байырғы түркі әліпбиінен басқасының бәрі, қазаққа күштеп енгізілгені баршаға мәлім. Бұл тарихи жағдайдың әсерінен болған әрекет. Араб жазуын қазақ даласына ислам таратушы арабтар әкелді. Латын және кириллицаны Кеңес уақытында енгізді.

Халықтың әліпбиін өзгерту сол халықтың ана тілін білмеуіне, рухани есеңгіретуге, халықтық болмысынан айыруға, мәңгүрт халыққа айналдыруға әкеп соқтырды. Осы туралы Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылы айтқан. Осындай әрекеттердің тамыры тереңге бойлап, ана тілімізді жоғалтып ала жаздағанымыз да бар. Одан арылу да оңайға түсіп тұрған жоқ. Ана тіліміз туралы заң шығарсақ та әлі де ауыз толтырып айтатындай нәтиже жоқ. Бірінші орысша жазып, орысша айтып, содан кейін ғана мемлекеттік тілге жүгінеміз. Өзіміздің жерімізде, өз Отанымызда өз ана тіліміз екінші деңгейде қалып тұр. Мәтінді аудару кезінде мәтіннің түпнұсқадағы мағынасы жоғалып жатады.

Әліпбиді ауыстыру өте күрделі. Мәселені шешу былай тұрсын, қазақтар әлі күнге дейін өзінің аты-жөнін қазақша жазуда ортақ пікірге келе алмай отыр. «Алдыңғы дөңгелек қайда барса, соңғы дөңгелек солай барады» деген сөз бар. Ел ардақтылары есептелетін белгілі тұлғалар тегін «ОВ», «ЕВ» деп орысша жазудан танбай келе жатыр, аты-жөндерін орыс халқының өкілдері

сияқты жазып жүрген қазақтар қаншама! Жалпы, әліпбиді ауыстырайық деушілер тарапынан небір ойлар айтылды, әлі де айтылуда. Яғни, басқа әліпбиді енгізуге, атап айтқанда оқулықтарды сол жазудың әріптерімен басып шығаруға, ол әліпбиді пайдаланып сабақ бере алатын мұғалімдерді дайындауға, сол әліпби әріптерімен қазақша жазылған компьютерлік бағдарламаларды дайындауға арналған нақты жоспар және оны іске асыратын мамандар мен ақшалай қаражат қажет.Әліпбиді өзгерту, жаңа ғана тәй-тәй басып келе жатқан баладай мемлекетке үлкен ауыртпалық әкеледі. Нарыққа енді-енді бой үйрете бастаған елге «басқа әліпбиге көшейік» деп айту, буынсыз жерге пышақ ұрғанмен бірдей. Әліпбиді өзгерту мәселесі мемлекетте тұратын бүкіл халықтың саналық деңгейде бір мәмілеге келуін қажет етеді.

Әліпбиді ауыстыру мәселесі болашақтың еншісінде. Ерте ме, кеш пе осы мәселеге бүкілхалықтық деңгей жағдайында жауап беруге тура келеді. Сондықтан осы мәселеге дайындықты бүгінгі күннен бастау керек. Қазақ тәуелсіз мемлекеті бар жеке ұлт. Әлем тарихында өзіндік орны бар халық. Өз ата-бабаларымыздың бізге мұра етіп қалдырған, төл әліпбиімізге көшуге дайындалу жұмыстарын кешіктірмей, мемлекеттік деңгейде жүргізу керек. Осы бір күрделі жұмысты іске асыру барысында еврей ұлтының байырғы жазуы иврит қалпына келтірген тәжірибесімен танысып, солардың тәжірибесін қолданған жөн сияқты. Сондай-ақ асығыстық жасамай, төл әліпбиімізге көшуді бастайтын мезгілді анықтап алу қажет. Алдымен мемлекеттік деңгейде бабаларымыздың байырғы жазуын бүкіл халыққа танымал ету мақсатында іс-шаралар жоспарын жасап, оны іске асыру қажет. Содан кейін сол әліпби негізінде сабақ бере алатын оқытушыларды және басқа да мамандарды дайындау, өзіміздің төл әліпбиіміз негізінде мектеп оқулықтары мен басқа да басылымдарды басып шығаруды жолға қою керек.

• Айтулылар айтқан сөз

Кім көбірек біледі дегенді емес, кім жақсырақ біледі дегенді анықтауға тырысу керек.

М.Монтень



Жеңіс БАҺАДҮР

СОҒАДЫ ЖҮРЕК

Әңгіме

Мамырдың мамыражай күндерінің бірінде сәскелік сәтте Жақан үйінің ауласында кеше кешкілік пәйітте базардан әкеп отырғызған гүлдері мен безендіргіш бұтақ көшеттерінің түптерін қопсытып, оларға су құйып, күйбеңдеп жүрген-ді. Зейнеткерлер қатарын толықтырғанына үш айдан бері есік алдындағы бес-алты сотық жерін, жалпы, үйінің айналасын қайта құрылымдап көркейтуді ерте көктемнен қызу қолға алып еді. Бұрын өкіметтің жұмысы деп шапқылап жүріп, жеке шаруасымен бір мезгіл болса да жүйелі айналысуға мұршасы тимеді. Үйдің тірлігін балаларына тапсыратындай болған жоқ, әдібұлыққа жеткен үш ұлы ұрымға, екі қызы қырымға қонып, бәрі де үйленіп, тұрмыс құрып, бірі Алматыда, келесісі Астанада, кейбіреуі басқа қалада дегендей, әр жақта өз арбалаларын өздері сүйретіп, күндерін көріп жатыр. Ал зайыбы Бағиланың денсаулығы дімкәс, жүрегі қағады. «Маған сенің амандығың керек. Екеуміздің ас-суымызды әзірлеуге жарағаның да жетеді» деп өзінен бес жыл бұрын құрметті еңбек демалысына шыққан жұбайын үйдің күшке түсер шаруасына араластырмайды. Тұңғышы отбасымен жаңа елордаға көшерде жеті жастағы үлкен ұлын бауырына басып, алып қалып еді. Сол бопатай бесінші сыныпқа барар кезде «Көке, апа, айып етпеңіздер. Енді өзіміз оқытайық. Бұл жақ қанша дегенмен биліктің көз алдындағы орталық. Ел басшылығына жақын жердегі жағдай да, тәртіп те, сана да қашанда жақсы, тіпті жоғары емес пе. Осындағы мықты мектептердің біріне береміз. «Провинциялық» деңгейде қалмай, озық білім алып шықсын» деп, ата-әжесіне көзайым болып, әжептәуір қолқанат болып жүрген баланы алды да кетті. Олардың бұл ниеттерін көңілдері қаламаса да, қарсы уәж айтып қайтсін, перзент солардікі, болашақтағы тағдырын қамдастыруды қалай кесіп-пішетін де өзінің әкесі мен шешесі. Содан «жарайды, жолы болып, бағы жансын» деуден әріге аспай, іш дерті іштерінде, дымдары шықпай қала беріп еді. Көнбеске шара қайсы. Қазір заман бөлек. Жастар өз білгенімен жүреді, өз дегендерін істейді. Жоралғыға салып, белден баспақ болсаң, беттен қағып тастауы бек мүмкін. Айтқаныңды

тыңдамағасын, босқа әуре болып қажеті не. Қайта кешірім сұрап, алдарынан өткеніне де шүкір.

Қолдарында өсіп, қуаныштарына айналған сол жаман неме Астанаға ауысқалы көңілдері кәдімгідей қоңылтақсып қалған қос зейнеткер Жақан мен Бағила бір-біріне демеу болып, бес бөлмелі хан сарайындай далиған үйде екеуден екеу бір-біріне арқа сүйеп, өз тіршіліктерін өздері күйттеп тұрып жатыр. Отағасының бұл күнгі басты ермегі – сыртқы дүниеден биік тас қорғанмен қоршалып бөлінген даңғарадай үйінің доланында ертелі-кеш қыбырлап, гүлдің түр-түрін егу, бірді-екі жеміс ағаштарын баптау, көкмайса алаңын арам шөптен аршу. Отанасының әзірлеген ертеңгі, түскі шай-суынан кейін бір уақ газет-журнал оқып, «саяси сауатын» аз-кем жетілдіріп алады да, күндізгі көп уақытын тыста өткізеді.Теледидарды негізінен кешкі астарын ішіп болғаннан соң әйелімен қосылып қарайды.

Рас, Алматыдағы, Астанадағы, Талдықорғандағы ұлдары «Үйді қимасаңыздар, жалға беріңіздер де, бізбен бірге тұрыңыздар» деп ата-анасына қолқа салды. Бірақ, әкесі «Әзірге жерге қарап қалған жайымыз жоқ. Оның үстіне өнген-өскен қарашаңырақтарың. Сыртта қанша жайлы, тамаша өмір сүріп жатырмыз дегендеріңмен туған елін сағынбайтын жан жоқ шығар. Кіндік қандарың тамып, кірлеріңді жуған жерге, ағайын-туғанға келген кездеріңде түсетін, емін-еркін аунап-қунайтын бір үйлерің тұруы керек емес пе. Ау, сонда бұл дап-дайын үй болып тұрмай ма! Бәлкім, біреуіңе түбінде туған еліңе түпкілікті оралуға дәм-тұз жазып қалар. Тап қазір бізді қаншама жыл табан тіреген топырағымыздан, қарашаңырақтан қозғап әуре болмаңдар» деп, көшу мәселесіне нүкте қойғандай еді.

***

Бауды баптаудың қызығына қатты беріліп кетіпті, біреудің темір қақпаны саусақпен шеркендей тықылдатып тұрғанын кейін барып аңдады. Қартайғанда құлақ құрғыр дыбысты бәлкім, қағыс шалды ма деп, зейінін қайтара қадап еді, дарбазаны әлдекім үздік-создық тырс-тырс ұрғылағанына көзі жетті. Іштен әйелі шығып, ашатын шығар деген дәмемен есікке қайта-қайта көз тастап алаңдап еді, ол да естімеген-ау шамасы, үй жақ тым-тырыс. Жұбайы ортаңғы бөлмеде теледидарды ермек етіп отырған болар-ау, сірә.

Шыны керек, жұмыс істеп жүріп, шашыраған судан, жұлған арам шөптің тамырындағы шым топырағынан жұққан лайдан үсті-басы сағалданған соң келіп тұрған адамның алдында көрінуге ыңғайсызданып еді. «Бірақ кім болса да көп күттіріп қою жарамас. Өзім-ақ барайын» деп, асығыс шая салған қолын киімдеріне жүре сүйкей сүртіп, дарбазаға қарай беттеді.

Күндіз ішінен өмірі ілініп көрмеген қақпаны ашып еді, арғы жағынан бейтаныс боз-баланы көрді. Бұрын жолықтырмаған көкөрімге әдепкіде сүйсіне көз тігіп үнсіз тұрып қалыпты. Осы заманғы жастарға лайық үлгімен жинақы, әдемі киінген, бойы сұңғақ, шашын қысқа қидырған, қара қасы қалың, түбіт мұрт, қарағанға көз тойдырғандай көрікті жас түлек. Елден ерек, алтын асықтай екен.

--Сәлеметсіз бе? Маған Жақан аға керек еді,- деп өндірдей жігіт соншалықты биязылықпен ізет сақтап, тіл қатқанда барып ұйқысынан оянғандай әнтек селк етті.

--Иә... иә... менмін... Мен Жақанмын. Кел, айналайын. Ішке кір,- деп жас ұланның алпыстан асқан бұны аға атап, басын ие амандасқан сыпайылығына, инабаттылығына ет-жүрегі елжіреді.

--Сіз мені, әрине, танымайсыз, аға. Бұрын мені еш жерде, ешқашан да көрмегенсіз. Сондықтан маған таңданып қарауыңыз заңдылық. Есімім – Ақберен. Қостанайдан келдім. Менің келуімнің себебі..,.- деп әңгімесін бастай берген қонақтың сөзін бөлген Жақан:

--Жүре ғой, қарғам. Үйге кіріп сөйлесейік. Қазақ емеспіз бе? Мейманды сырттан жібергеніміз жараспас. Қысылма. Қане, табалдырықтан бері атта. Ішке өт, шырағым, - деп отағасы бәйек болып, баланы қолтығынан

демеп, үйге бастады.

--Әй, Бағила! Қайдасың? Қонақ келді алыстан. Алдынан шығып, қарсы ал,- деп үйдің есігін ашып жатып, ішке дауыстады. –Е-е, Бағила деп апаңды айтып жатқаным ғой. Үйде екеуміз ғанамыз. Кешігіп жатқанына қарағанда апаң әлдене шаруамен әлек болып, естімей қалды-ау, осы. Әйтпесе көрші-қолаң бас сұққанын, мейман келгенін білсе, алдынан құрақ ұшып, елбеленіп шығар еді. Біздің Бағила сол әдетінен ешқашан жаңылмаса керек-ті,- деген үй иесі самбырлай сөйлеп келеді.– Міне, апаң да шықты, балам. Алдымен төрлет. Анау диванға жайғас. Мен киімдерімді ауыстырып келейін. Апасы, сен дастархан қамда. Содан кейін құдайы қонақпен шай іше отырып, кең-мол әңгімелесейік,- деп Жақан залдың бір қабырғасындағы есікке еніп кетті.

Отағасы киімін өзгертіп келіп, мейман бозбаланың қарсы алдына жайғасты. Отанасы қаздаңдай жүріп, ортадағы үстелге дастархан жасау қамымен екеуі отырған бөлмеге кіріп-шығып жүр.

--Е-е, балам, атым сөйтіп, Ақберен дегін. Сонау қиырдағы Қостанайдан Оңтүстікке жолың түсіпті. Бірақ, қазір Қазақстанның алысы не, жақыны не, жол жүремін дегенге түк болмай қалды емес пе. Ұшағың баратын жеріңе көзді ашып-жұмғанша жеткізеді. Пойызың да діттеген тұсыңа зуылдатып тез- ақ апарады. Ал, қарғам, жайыңды айта отыр. Өзің сол солтүстіктенсің бе? Қай туған боласың?- деді қонағын асықтырмай байыппен, сабырмен сөйлеп.

--Иә, түбіміз – қостанайлық. Руым – арғынның қаракесегі, аға.

--О-о, айналайын, Мәди ақынның, Мәди батырдың ұрпағы екенсің. Бүкіл қазаққа мәлім текті тұқымның баласы болдың онда. Бәрекелді, балам. Мектепте оқитын шығарсың?- деді Жақан бейтаныс жасөспірімді жаңа ортаға бойы үйренсін дегендей көтермелей сөйлеп. Әрі уыздай түріне қарап, соңғы сыныптардың оқушысына балағанын да білдіріп.

--Колледжде оқимын, аға. Бірінші курсын бітірдім жақында ғана. Каникулға шыққан бетте осы жаққа мамам екеуміз келуді жыл басында жоспарлап қойып едік. Оның жол жүруге денсаулығы көтере алмайтын болған соң өзім келдім. Менің сіздерге сапарлауымның себебі...- деп мейман бала күмілжіді. Жас түлектің енді бастап келе жатқан әңгімесінің аяғын жұтып, әрі қарай жалғастыруға батылы бармай кібіртіктеп қалғанын сезді. Көкөрімнің көкейінде кілкіткенін емен-жарқын жұтып жіберуін құп көрмеген отағасы:

--Қымсынба, қарағым. Мұнда өз шаңырағыңда отырғандай, бізді өз туысқандарыңдай көр. Қазақ баласы бір-біріне қаны бір бауыр емес пе. Ұялма, сөзіңді ірікпе. Не айтпақ едің? Жаңа құлаққағыс еттім ғой, үйде апаң екеуміздің басқа ешкім жоқ. Бұйымтайың болса, оны да бүкпей ашық айта бер, айнам,- деп қолымен жеткіншекті іш тарта иығынан жайлап қаққылады.

--Аға, менің сіздерді іздеп келгенім... Бұдан он жыл бұрын Алматыдағы Сызғанов атындағы хирургиялық аурулар институтында емделіп едім. Барлық жағдайды мамам былтыр түсіндірді. Мен сіздерге алғыс айтуға келдім. Ұлдарыңыздың басына барып, рухына құран бағыштасам деген тілегім бар еді, аға. Рұқсат, мүмкіндік болса, қазір Жеткергеннің аруағына білген аятымды оқысам деп едім.

Отағасының күтпеген қонақтан қапелімде естіген әңгімесінен жүрегі ток соққандай солқ етіп, тұла бойында лықсып-лықсып ала жөнелген ыстық қан ағыстан көз алды бұлдырап жүре берді.

Осы сәтте ас бөлмеден залға ене берген отанасы да бейтаныс жігіттің әлгі сөзін құлағы шалып селк етіп, состиып тұрып қалды да, кептірілген жеміс-жидек салып әкеле жатқан ыдысы қолынан түсіп, еденге тарс ұрылды. Сөйтіп, ішіндегісі жан-жаққа тарыдай шашырады. Іле «И-и, жарыққанам-ау» деп күйеуінің қасындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

Тосын жайдан әп дегенде санасы тұңғиыққа тарта бастаған Жақан есін тез жиды.

--Алда, жарығым-ай! Сол бала сен екенсің

ғой... Өй, айналайын-ай... Оқы, жарқыным, оқи ғой...

Даңғарадай бөлме ішін құдіретті әуезге бөлеген сүренің қасиетті сөздері үй иелерінің көңілдерін ұйытты. Келгелі бері көккауырсындығына қарамай сыпайылығымен, көргенділігімен тәнті еткен бозбаланың сондай жағымды, жұмсақ, әуезді үні бойларын ерітіп бара жатты. Нақышты даусымен, келісті мақамымен үйлескен киелі әуен күші егде жастағы ерлі-зайыптының жандарын шамырқандырып, тербетіп, бәрібір шыңырауға шым батырып еді.

***

Сол бір зар илеткен ауыр қайғылы күндерден бері бақандай он жыл өтсе де, бәрі де екеуінің көз алдарында қаз-қалпында, айнақатесіз тұр. Жарты өмірлерін опырып кеткендей болған сол қасіретті оқиғаның әрбір сәті дәл кешегідей көрінеді, бастарынан тап жаңа өткергендей сезіледі. Баяғылар «Уақыт- емші» деп жатушы еді. Бұлар үшін бұл жұбату үшін ғана айтылған құр сөз. Әйтпесе жүрекке беріш болып қатқан бітеу жара осы кезге дейін жазылар болмас па. Ал қос мұңлықты он жыл бұрын шарпып өткен алапат өрттің табы әлі бір мысқалдай да өшер емес. Төтеннен запыран жұтқызып, тақсірет тартқызған, содан бері бітпес күйікке айналған сол бір зардапты жағдай бүгінге шейін жандарын қабырға астына біткен сыздауықтай сыздатып, саналарын сансыратып келеді. «Жүрек дертін тәңірі де жаза алмайды» дейтін көнеден қалған тәмсілдің растығын жұбайлар мойындағалы қашан.

Отағасы қанша дегенмен шаңырақтың егесі. Қақпақыл сынын оқыстан тосқан қатал өмірдің басқа салғанына барынша сабыр сақтап, өзін-өзі қайрап, белді бекем буып көтеруге тырысып-ақ бағады. Өзін осалдыққа жеңдірмей, болған іске бекем болу жағын да ойлайды. Әйткенмен жұбайы, иә, заты әйел емес пе, қатігез тағдырдың төтеннен төндірген талқысына төтеп бере алмай, ішқұсалыққа бой алдырып, көзде –жас, көңілде –шер, өзін-өзі іштей мүжіп бітті. Қыз кезінен жайдары, мінәйім мінезді, жастайынан құдай қосқан қосағы сол оқыс жайдан кейін қатты есеңгіреп қалып, ұнжырғасы мүлдем түсіп, суға шыланған бордай езіліп, айықпас дертке ұшырады. Отанасы отағасының әңгімеге қанша тартқысы келіп, әр нәрсенің басын шалып, көңілін аулаған сұрақтарына қысқа қайырады. Бұрынғыдай жарқылдай сөйлесіп шүйіркелесу жоқ. «Құдайға шүкір делік, Бағила, басқа балаларымыз бар. Енді солардың амандығын тілейік, тәубе ет» деп тілдесуге шақырып, уайымын уатады, төзімге шақырады. Мұндайда зайыбы: «Неғыл дейсің маған. Өзгелері бөлек, өзегімді жарып шыққан соңғы Жеткергенімнің орны ерек еді ғой. Үйде ойнап жүрген баланы сен де ойда жоқта әкете қалып...» Әрі қарай сөзін жалғастыра алмай «ah» ұрып, булығып-тұншығып өксіп қоя береді. Басу айтамын деп, қайта қанталаған жараның аузын тырнап алғандай бола бергесін, Жақан бұл тақырыптың туындап қалуынан мейлінше сақтанатын, абайлайтын, қашқақтайтын болды.

Иә, әйтеуір әрқайсысы өткеннің өкінішін қаузап, жан азаптарын қоздырып алмаудың қамын жасап, бір-бірінен жасқаншақтап, шеркөкірекпен, ішқұсалықпен томаға тұйық күн кешіп жүрген жайлары бар.

Қалай десе де бала-шағасының ортасында біреуден ілгері, біреуден кейін ел қатарлы тіршілігін күйттеп, өздеріне бақ қондырып, бақытқа бөленген өмірлеріне бұлтсыз күнде найзағай түсірген сол жойқын жағдайдың жалынына әрқайсысы әйтеуір өз хал-қадерінше шарпылып келеді.

Он жыл бойы ерлі-зайыптыны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырып, жүректерін шаншытып, өзектерін удай ашытқан сол өкінішті оқиға көздеріне елестеген сайын еңселері езіле түседі.

Сондағы барлық қасіретті көріністер жанарды жарқ еткізіп, көктей өтіп, жадыны жаңғыртып, құдды бүгін болғандай арқаларына аяздай батып, жандарын шырқыратады-ай.

Не де болса шүкіршілік.

***

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған жылдың күзі еді Жеткергеннің. Қаршадай болса да қатарынан алғыр, ерекше зерек, құймақұлақ зейінді, тілі бал. Отағасының қырық үшінде көрген кенже ұлы, құдай бере салған несібесі еді. Бетіне жел тигізбеді. Аспандағы жұлдызындай, маңдайдағы құндызындай санап, аға-әпкелерінен бөле-жара мәпеледі. Жігіттік желең шақтан асып, ел ағалығына қадам басқанда құдай жеткізген сүйкімдісінің ныспысын да азан шақырып Жеткерген деп атап еді.Әкесі мен шешесі, үлкен бауырлары түгел алақанда аялаған, өлердей жақсы көрген сол ерке құлыны бірінші сыныпқа барғанына ай толғанда кенеттен жазымға ұшырады...Жауқазындай жайқалып, жайнап өсіп келе жатқанда кездейсоқ мертікті...

Отағасы жексенбідегі демалысында ауылдағы туған-туыстарында бір шаруасын тындырып қайтуға шығып, қасына Жеткергенін де ала кетіп еді. Даланы таспадай тілген асфальтта су жаңа жеңіл машинасымен жүйткітіп келе жатты. Күре жолдың қиыршық тас төгіліп, жаймаланып жөнделген тұсына жеткенде жылдамдығын баяулатты. Осы мезетте төбедей «КамАЗ» жаудан қашқандай азынаған арының күшті екпінімен бұлардың көлігін шайқалтып, апшыны қуырған қара құйындай оң қабатынан зу етіп өте шықты. Іле қасындағы баласы оқыстан отқа түскендей «папалап» шар етті де, басын қос қолдап ұстаған бойы сол жағына қисая кетіп, үнсіз қалды. «Ой, ой! Не болды, балам? Не болды?» деп қапелімде ештеңеге түсінбей сасқалақтап қалған әкесі «Той-отасын» тарта тоқтатты да, ұлының басынан екі қолымен демеп көтермек болып еді, алақанына жып-жылы қоймалжың сұйықтық білінді. Жүрегі тарс төбесіне шығып, зәресі ұшып, қолын тез тарта қойып қараса... қан! Қиыршық тастың басына қаншалықты дендеп енгені белгісіз, қарауытқан, үңірейген тесігінен бүлк-бүлк аққан қан баланың мойнын, омырауын, иықтарын шылқытып, көйлегін қызыл жоса етіпті.

Жақан қас-қағымда тап болған сұмдық жағдайды бірден аңғарып, жаны түршікті. Қастарынан жер-дүниені қақыратып, төңкеріп тастардай ағызып өткен әлгі дөңкиген дәу машинаның доңғалағынан ыршып, оқтай атылған ноқаттай түйір тас баласының тура құлақ шекесінен тесіпті. Аяқасты кесірге байбаламдап, бебеу қақты да қалды. Бұрын мұндай әлеметті көрмеген әке байғұс асып-сасып әбжіл қимылдап, орындық арқалығын астындағы тетігінен босатып жіберді де, артқа қисайтып, ес-түссіз былқ-сылқ еткен ұлын соған шалқалатты. Өзі жалма-жан кабинадан атып шығып, қалбалақтап автокөліктің алдын айналып келіп, жандәрмен баласына көмекке ұмтылды. Автокөліктің оң жақтағы есігін ашып, артқы қалтасынан беторамалын сопаң еткізіп суырып алып, ұлының қан шапшыған басына басты. Содан жылдамдатып машинаның жүксалғышындағы аптечканы абдырап жүріп ақтарып, қобыраған көп ем-дом заттары ішінен иод пен дәкені алды. Оң мен түстің арасында өзінің білгенімен жөпелдемелетіп құтыдағы қарақошқыл сұйық дәріні бір уыс мақтаға тамызып, қып-қызыл қан шым-шым сорғалаған жараның аузын сүрткіледі. Иод ашытқан болу керек, баласы көзін ашпаған күйі қиналып, ыңырсыды. «Қап! Атаңа нәлет-ай! Қап, ит-ай! Қатты тиген екен-ау!» деп, бір пәсте байғұс болып қалған жан бармағын тістелей берді.

Баласының әлі есін жинай алмай жатқанына аяғы жерге тимей жаны шырылдаған әке бейшара қолдары дірілдеп, жаралы басты дәкемен орап тастады. Өзіне әлі келе қоймаған ұлын көтеріп, артқы салонның орындығына ұзынынан сұлатып жатқызды. желкесіне өзінің костюмін шешіп, екі бүктеп төседі де, енді сәл де аялдауға болмайтынын түсініп, көлігін келген жағына шарт бұрып, жазымға душар болған перзентін қалаға жедел жеткізуге асықты.

Бір тәуірі, әлгінде өздері шыққан шаһардан көп ұзаған жоқ еді. Құстай ұшып, жаушы-жалам-да облыстық ауруханаға жетті. Обалы не керек, мұндағылар зыр жүгіріп қызмет етіп, оқыс жа-

зым болған балғынды дереу доңғалақты зембілге салды да, жансақтау бөліміне ала жөнелді. Сол жерде жан-жақты тексеруге алды. Бір сағат бойы есі кіресілі-шығасылы баланы жабыла қараған әртүрлі маман дәрігерлер «Көлемі ноқаттай тас тереңдеп кіріп, дәл мидың қабатына тақала тиіп тоқтағанын рентгеннен көрдік. Бұған ота жасауға біз дәрменсізбіз. Бұл тек Алматыдағы Сызғанов институтының нейрохирургтерінің қолынан ғана келеді. Уақытты ұтқызбай, облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы науқасты сол жаққа тез жеткізу керек. Біздің қорытындымыз дайын» деп кеңес берді.

«Ауру кірді, әлек кірді». Жаппар құлда жан бар ма, қажетті құжаттарды зыр жүгіріп жүріп әзірлеп, ұлын арнайы бөлінген санитарлық авиациямен сол күні-ақ Алматыға шұғыл алып ұшты. Көзді ашып-жұмғанша жер тарпып қалған жұбайы да ілесті.

Басынан шып-шып қан тамшылаған, кірпігі зорға қимылдаған шалажансар баланы оңтүстік астанадағы дәрігерлер дереу ота жасауға ұйғарды. Алдымен жөпелдеме консилиум өткізді. Нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі әкесімен әңгімелесіп, бар ахуалды баян етті. Науқастың халі өте ауыр, мүшкіл екенін, отаның да аса қауіпті және жасамаса тағы да болмайтынын, мұндай жағдайда сәттілігі жүз пайыз сеніммен шыға бермейтіндігін де қоса ескертті. Әбден болып қалуы мүмкін осындай қатерге мойынұсынып келіссе, кешіктірмей отаға жедекабыл кірісетіндерін мәлімдеді.

Бар тілеуі баласының үстіндегі әкенің хирургтер шешімін қабылдамасқа амалы бар ма. Алладан медет сұрап, баяғыда сүйектері қурап кеткен ата-бабасының, әке-шешесінің әруақтарына сыйынып рұқсатын берді.

Шүкіршілік.

***

Ота ұзаққа созылды. Бір... екі... үш... төрт сағат өтті. Іштен хабар жоқ. Ота жасау блогы мен жан сақтау бөлімшелерінің есіктері алдындағы түйіскен алаңда Жақан мен зайыбы, олардың қасында жасы өздерімен қарайлас бейтаныс әйел мен оған әлпетінің өте ұқсастығына қарағанда сіңлісі болса керек, тағы бір жас келіншек әлде бойжеткен тұрды. Аты-жөндерін сұрасып, танысып жатуға көңіл хошы қайда! Олардың шыбын жандарын шүберекке түйіп, бір қолдауды тәңірден жалбарынып, көз жастарын парлатып тұрып, бұларға шаққан мұңдарынан білді. Бастарына қою уайымның қара бұлты төніп, осында соңғы үміттерін жалғап жетіпті. Әңгіме арасында еміс-еміс естігені - екі әйелдің өздері құралпының жар дегенде жалғыз, әкесі жоқ, жеті жасар ұлының туғаннан дімкәс жүрегінің сырқаты соңғы кезде асқынып кетіп, Алматыға әкелгендеріне бір апта болыпты. Қазір аппараттың күшімен ғана ілдалап жұмыс істеп жатқан көрінеді. «Бірден отаға алмай әзірге байқап бағамыз. Емдеудің жолдарын ойластырып, қарастырамыз. Бірақ, әй, қайдам, дерт әбден меңдеген әлсіз ағза жазылып кете қоюы неғайбыл» деп дәрігерлер өздерінің дұдамалымен күдікті қалыңдатыпты. Содан бері тағдырлары шырғаланға түсіп, балаларының маңында бастары қатып, шырмалып жүр екен. Ал енді баласының жүрегі осы жатысында алдажалда жасанды жолдан ажыратылса, одан табанда айырылатынын айтып, зар илегенде онсыз да уайым жұтып, «О, құдіретті Раббым, рақым етіп, кішкентай ғана бейкүнә періштемізді есіркей гөр»деп, «е-е, құдайымдап» әзер тұрған ерлі-зайыптының сай-сүйегін сырқыратты.

Иә, кемедегінің жаны бір. Екі отбасының да басына түскен тауқыметтері өте ұқсас. Перзенттерінің өмірлері қыл ұшында тұр. Мүсәспір күйде бір-бірлерінің қиын-қыстау жағдайларын көзбен көріп, іштей ұғысады. Әрқайсысылары әр шалғайдан. Бұлар-оңтүстіктен. Олар – солтүстік жақтан. Бейтаныстарды кездейсоқ қатерге душар болған, енді ажал қармағын салғалы тұрған балаларының мүшкіл халдері тоғыстырды. Екі әулеттің де бар үміті – өрімтал көзайымдарының өмірлерін қолдарына үлкен үмітпен үздігіп тапсырған дәрігерлерде. Соларға Алладан жәрдем сұрап, «емдерінің шипасын бергізсін» деп жалынады.

Бұлардың Жеткергеніне таңертеңгі

тоғызда күрделі ота жасау басталды. Әрбір минуты сағатқа, сағаты күнге созылды. Жақан хабарын тосып, пұшайман күй кешіп, өзін қоярға жер таппай, тар жерде әрі-бері сенделіп, теңселіп жүр. Ал қостанайлық қайғыластар да тынысы жасанды құралға қосылып, хал үстінде жатқан ұлының қайырын тілеп, дегбірлері қашып отыр. Күтушілер іштен біреу шығып қалар ма екен деп, операция залының тарс жабылған есігіне тықырши телміреді. Табандап тұрған орындарынан бір елі ұзауға дәттері жетер емес.

Жан күйзелісіне түсірген азапты уақыттың жылжуы да әсте қиын. Өзара сөйлесуге де зауықтары жоқ. Өз дерттері өздерінде. Ләммимсіз тұншығады. Бір орында байыз таппай, олай-бұлай тынымсыз сандалған Жақан шыдамы таусылуға шақ, үнсіз жылап, көз жасын көлдетіп отырған жұбайының қасына оқтын-оқтын жақындап: «Қорқа берме. Бәрі дұрыс болады. Жақсылығын, сәттілігін тосайық» деп қайта-қайта басу айтып қояды. Балапандарының қылға ілінген жанына байланып тұрған ата-ананы күйіп-жандырған мүшкіл сәттер бітіп болар емес. Бір ұшын ұстатпай тым алыстап барады. Өзімен-өзі арпалысып аласұрған Жақанның жаны мұрнының ұшындағы Бағилаға ақыл қосып, қарқарадай болып, ес танытқаны да әйтеуір демеу.

Тығырыққа тіреген осы бір қысылтаяң мәурітте талай күн мен түнді асырғандай мазасыз алаң көңілді дәмелендіріп әрі үрейлендіріп бір заматта саңыраудай мелшиген есік жайлап ашылып, дәрігер де шықты-ау, ақыры. Бір орында байыз байырқалай алмай санасы сансыраған Жақан да, сары уайымға батып, кеудесі өртеніп, ебіл-дебіл болып отырған Бағила да өлген әкелері тіріліп келгендей, ақ желеңді жанның алдына құстай ұшып барды. Қос қолын қалтасына салған жас хирургтің аузынан өздерін қуантатын жақсылық сөз күтті. Бір қуанышты тағатсыздана тосып тұрған екеуі бірдей қосарланып: «Қалай болды? Не болды? Шырағым, садағаң кетейін! Айтсаңшы, тезірек!» деп күндері түскен дәрігердің жүзіне ентіге еміпді. Алайда ... шаршаңқы, қабағы салыңқы дәрігер басын шайқап алды да: «Бекем болыңыздар. Қолдан келген бар амалды қолдандық. Амал не, бар мүмкіндік жасасақ та, аман алып қалуға мүмкін болмады. Клиникалық ауыр халге түсті. Өмірінің санаулы минуттары қалды. Бөлім меңгерушісіне жолығам десеңіз, екінші қабаттағы бөлмесіне барыңыз. Жаңа ғана өзіне кетті» деп, суық кескінмен сұмдық хабарды жеткізді де, ішке қайта кіріп кетті.

Ерлі-зайыптының басына қара бұлт үйірілді.

Орындыққа сылқ құлап түскен ана: «Құлыным-ау!.. Жарығым-ау! Қапияда қыршын кеттің-ау, ботақаным! Жаратқан ием-ау, титімдей баланың не жазығы бар еді, көктей солатын? Бесік табы арқасынан кетпеген күйі қара жерді төсек қылатын болды-ау, қошақаным!» деп дауыс салып, ботасын жоғалтқан бозінгендей боздады.

Қақ төбесінен бір ұрып, қолқасын суырып әкеткен жаманаттан есеңгіреген әке: «Қарғашым-ау! Бәріне мен... мен... кінәлімін... Ойнап жүрген жеріңнен нем бар еді сені жолға алып шығып. Е-е, Жаратқан ием, қызығы енді басталған балауса құрақты қайтіп қана қидың. Сол атаңа нәлет таспен күнаһар мені атпадың ба? Ай, Құдайым-ай! Не жазып едім саған мені сорлататындай!» деп опық жеген өкінішпен қабырғаны жұдырығымен соққылай берді. Көзінің ағы мен қарасынан қапыда айырылып, күңіреніп жоқтау айтып еңірегенде етегі жасқа толған қосағын тарс құшақтап алып, өзі де аңырап ағыл-тегіл жылады-ай келіп.

Бір шамада жанарынан жаңбырдай селдеген жасты алақанының сыртымен сүртіп тұрып, көршілеріне назары түсті. Қан жұтқан жұптың зарына өз балаларының да көрер таңы қылмойынға тақаған пұшайман халіне қобалжып тұрған қостанайлықтар да үнсіз, қоса егіліп тұр еді. Осы сәтте топ әйелдің ортасында ес танытар жалғыз еркек және жасы үлкені де өзі екенін түсінді. Дел-сал күйдегі Жақан бұдан соң тез серпіліп, өзін-өзі ұстамдылыққа шақырды. «Қайтейік, шадыман шағында төтеннен судай

тартылып, гүлдей солды. Бір жұлдызымыз кенеттен сөнді. Жоқ жерде пайда бола кеткен дүлей дауыл бәйтеректің бір бұтағын жұлып жерге түсірді.

Бордай езілгенмен жоғалтқанды қайтарар лаж қайда. Бұрынғылар: «Пендеңіз не жазса соны көрер, ешкім де тағдырынан басқа болмас» деп бекер айтпапты-ау. Естілердің ескірмей келе жатқан бұл сөзі, міне тура менің отбасыма айналып соққанын қарашы. Е-е, Жасаған ием, аяқастынан жазатайым пұшайман жеп қалған біз бейбақтарды сабырға жеңдіре көр... Құдайдың бұл да бізге салған бір сынағы» деп іштей ширықты. Көзінен парлаған жастан көзалды буалдыр тартқан отағасы бір мезетте солқылдап, өксігіне шашалып, қайта-қайта деміге берген отанасының қатты қиналғанынан шошып кетіп, өзіне-өзі тез келді. «Қазаны аза тұтып, аурухана ішін азан-қазан еткенмен, өкініштің өртімен басты тоқпақтай бергенмен Алланың әміріне қарсы жасар қауқар мен айла қайсы. Тағдырдың тосын талқысына көнбегенде қайтеміз!? Елден алыстамыз. Енді алда не істемек керектігін қамдайық. Жетпесті қума, келмеске жылама. Ей, жалған да қатал дүние-ай! Қайтейін-ай, қайтейін. Бес батпан сорын біздің маңдайға жапсырыпты да. Егіліп, есеңгіреп отырған Бағилам мынау. Екі ортада қасірет азабын көтере алмай белі опырылып, әлдеқалай майып болып жүрмесін. Күйреп қалмасын. Алдын алайын. Өткенге салауат айтайын...»

Анадай тұста үнсіз шерленіп тұрған келіншек пен қыз бұларға тақап, қайғыларына ортақтасып қолдарын ұстап, көңілдерін білдірді. Олардың да көздерінде мөлтілдеген жас.

Қайғыға уланып, ойы онға, санасы санға бөлініп, өзімен-өзі арпалысып тұрған Жақан бір мезетте: «Бағила, өзіңді-өзің ұста, болды енді. Ертеңіңді ойла... Ал мен... мен... дәрігерге барайын... Сөйлесейін... Мен қазір...» деді де, ойына әлдене оқыс шешім келгендей, жұбайын қысқан құшағын жазып, арқасынан бір-екі қақты да, шалт бұрылып, екінші қабатқа қарай баспалдақпен тездетіп көтеріліп кетті.

Баласын осында кеше әкелгелі бері танысып-білісіп қалған бөлімше меңгерушісінің бөлмесіне кіргенде, ол ақ желеңін шешіп, киім ілгішке енді іліп жатыр екен. Әлгінде ғана қолынан бақылыққа аттанған баланың қаралы әкесіне дәрігер ілтипат көрсетіп:

--Кіріңіз, кіріңіз. Біз қолдан келген амалдың бәрін жасадық. Баланың миы... - деп келе жатыр еді, оның лебізін бөлген Жақан:

--Бәрін түсінемін... Доктор!- деді салғаннан. – Егер менің ұлымның жүрегі қажет болса, Қостанайдың хал үстінде жатқан баласына салыңдар. Керек құжаттарыңа қолымды қойып берейін.

Жасы өзі құралыптас дәрігердің көзі бұлаудай болып ісіңкіреген бұның бетіне аңтарыла тесілді. Жүзіне бірауық барлай қарап тұрып, оның бір тосын әрі нық шешімге келгенін байқады да:

-Солай ұйғарсаңыз, онда бұл әрекетіңіз үлкен парасаттылық. Рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Олай болса, біз шұғыл іске кірісейік. Екі баланың да анализдері дайын. Салыстырып, қаншалықты сәйкестігін тексеріп көрейік. Әзірге бара тұрыңыз. Хабар бізден болады. Ал, жігіттер, тез төмен түсіңдер ,- деп бөлмедегі әріптестерін асықтырды.

***

Иә, иә, иә... Бейсауат келіп, қарсы алдында отырған бұл сүйкімді бозбала жайы белгілі болды. Ботақаны Жеткергенінің жүрегін салдыртқан сондағы балақай болып шықты.

–Алда, айналайын-ай! Сол сен екенсің ғой... бар екенсің ғой... Ау, Бағила! Бағила деймін! Естимісің!.. Міне, қарашы! Жеткергеніміздің бауыры келіпті. Кірсеңші енді бермен!..

Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай, жүрегі жарыла жаздап қуанғаны соншалық, Жақан орнынан жас баладай атып тұрып, жасөспірім қонақты айқара құшағына алды...

«Ой, жарқыным менің! Ой, балапаным сол!..»

Қарт өзін қоярға жер таппай балаша мәзмейрам.

Бұдан бақандай он жыл бұрын...

Иә, иә... сол жолы өзінің аяулы көгершінімен түйдей жасты екенін естігенімен, бұл жасөспірімнің өзін көрген жоқ еді. Жағдайдың артын тосуға мүмкіндік қайдан болсын. Сол азалы мезетте мұны біліп жату тіпті, қаперлеріне де кірді ме. Ұлдарының жүрегі алынған мәйітін елге зәуметте алып кетпеді ме.

Сондағы өзініңқоңырқозысыментағдырлас болып, бір ауруханада қатарлас жатқан бейтаныс бала енді, міне, қараса көз тоятындай сүпсүйкімді, бойшаң болып ер жетіпті.Өзі қандай ибалы тағы. Аққұба ашық жүзінен іземтіліктің ізгіліктері, имандылық шапағаты төгіліп тұр. Өн бойынан жақсы тәрбиенің, көргенділіктің жұпар иісі аңқиды. Өзінің әне-міне үзілуге шақ тұрған жүрегін тірілтіп, өмірін жалғастырған өзі тақылеттес бейкүнә балғынның жұртын, әке-шешесін, туған-туыстарын сонау алыстан... қияннан іздеп келіпті. Ақылыңнан, мейірбандылығыңнан, кісілігіңнен айналдым, жарқыным. Зекетің кетейін де болмысыңнан. Оң-солыңды танып, ат жалын тартып мінуге жарап қалған деген әне осы...»

Қос қария бейтаныс мейман бозбаланың келісіне еңсені езген қою бұлт арасынан күнді көргендей, жоғалғаны қайта оралғандай шаттанды. Қайғылы оқиғаға өзін күнәһар санап тұйықтау болып кеткен отағасы да шешіліп, қонақты әңгімеге тартып, аяқастынан сөзшең болып кетті. Әншейінде ыңқыл-сыңқылы көп, қозғалысы шабандаған отанасы да кенет сырқатынан құлантаза айығып кеткендей, жайраң қағып, жүзі жадырап, алғаш көріп отырған жеткіншекке жүрегін ашып өбектей берді.

***

Арнайы келген қостанайлық жолаушы Жақан мен Бағиланың үйінде екі күн болды. Ақберен ата-анадан жалғыздығын, әкесінің ерте, өзінің сәби кезінде дүние салғанын, қазір шешесі екеуі тұратынын, осында бірге келуге жиналғанда жол жүруге денсаулығының жарамағандығын айтты. Ал Жеткергеннің қандастық сырын шешесінен естігенін, бірақ оның әке-шешесінің аты-жөнін, тұратын облысын білгенімен, қай қала, қандай мекен-жай екенін тап басып айта алмағандықтан, бар мәліметті ғаламтор арқылы тапқанын да жасырмады.

Үшеуі жарасты бір отбасындай еменжарқын шүйіркелесті. Ашықтығы, мінезі құдды Жеткергеніне ұқсайды.

Жас жігіттің қалауымен Жақан оны Жеткергеннің зиратына ертіп апарып, ұлының аруағына зиярат етіп қайтты.

***

Ақбереннің еліне қайтатын кез де келді. Екі қарт қысқа уақыттың ішінде-ақ өздеріне де, өздері де өз ұлдарындай болып бауыр басып кеткен бозбаланы қимай пойызға шығарып салды. Алма-кезек маңдайынан иіскеп, бетінен сүйіп, құшақтарына қайта-қайта қысып, қоштасар сәтте:

--Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын, балам. Жайлы жүріп, жақсы жет. Дәйім алдыңнан жарылқасын. Хабарласып тұр, айналайын,-деп отағасы тамбурға көтеріле берген Ақберенді қолтығынан сүйемелдеді.

--Алла жар болсын, жарқыным. Тіл-көзден сақтасын өзіңді Жаратқан ием. Қайда жүрсең де аман-есен бол. Шығар тауың биік болсын, шырағым! Апаңа сәлем айт. Хабарыңды үзбе,-деп отанасы шыланған көзін орамалының ұшымен сүртті.

--Қайыр-қош, менің көкетайым мен апатайым! Мен... мен міндетті түрде келіп тұрамын. Бауырларыммен әлі танысатын боламын. Сау болыңыздар. Мен келемін... Сіздерге... келемін...-деді тамбурда тұрып қол бұлғаған Ақберен.

Пойыздың доңғалағы сарт етіп қозғала берді.

Жүрек соғып тұр...

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты.

АЛЫП ЕЛ АСТАНАСЫНДАҒЫ АЙЛАР

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі салтанат құрған өткен 25 жыл қазақ халқының әлем өркениеті кеңістігіндегі барлық құрлықтар мен материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша ынтымақтастық байланыстарының кеңінен өрістеген кезеңі болды. Әсіресе, қазақ ғалымдарының алыс, жақын шетелдердің жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу, мәдени орталықтарында арнайы шақыртулармен іссапарларға барып, дәрістер оқуы, тәжірибе алысулары тұрақты дәстүрге айналды. Осындай бағдарлы іссапарлар аясында Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіндегі Орталық Ұлттар университетінде 2013 жылдың қазан, қараша, 2016 жылдың мамыр, маусым айларында болғаным менің де негізгі кәсіби, ұстаздық және зерттеушілік жұмысымның көрнекті көрсеткіштері қатарында бағаланды. Аталған екі кезең айларындағы іссапарларымда мен мынадай теориялық пәндер бойынша дәрістер оқыдым:«Әдебиет теориясы зерттеулерінің методологиясы», «Әлем әдебиеті», «Қазақ әдебиеті шығармаларының эстетикалық табиғаты», «Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері», «Таңжарық тану және де шетелдердегі қазақ әдебиеті» . Университет, факультет басшылары менің оқитын дәрістерімдегі жеке тақырыптар жазылған және менің үлкейтілген фотосуретім бейнеленген көрнекті плакат-жарнаманы оқу орнының ғимараттары қабырғаларына іліп қойды.

Университеттегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне қарасты бакалавриат (1-5-курстар), магистратура, докторантура (Ph.D) (1-3-курстар) мамандықтары бөлімдерінде білім алып жатқан білімгерлер, университеттің оқытушы-профессорлары, оқу басқармасы, деканат және саяси ұйым басшы қызметкерлері барлық дәрістеріме үздіксіз қатысып отырды. Нақтылап айтқанда, менің барлық дәрістерім ашық сабақтар сипатымен өткізілді, әсіресе, «Жалпы беттік дәріс» атауымен дәрістерім өтілген дәрісханадағы бейнекөрілім, фототүсірілім құралдарымен, жалпы университеттің ғаламторлық жарияланымымен насихатталды. Бұл менің дәрістерімнің ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік тұрғыдағы деңгейімді жалпы халықтық назарға көрсетудің көрнекті көрсеткіші еді. Университеттің басқа да қоғамдық-гуманитарлық мамандық бөлімдеріндегі түркі тілдес білімгерлер де, оқытушы ұстаздар да менің дәрістеріме арнайы келіп қатысып отырды. Барлық дәрістердің оқытылу сапасына байланысты әрбір пәнімді бағалаған арнайы дәрежелі сертификаттар берілді.

Бейжіндегі Орталық Ұлттар университетінің кітапханасында әлем халықтары және қытай тіліндегі көркем әдебиет, ғылыми-зерттеу кітаптары мол жинақталған. Қазақ тарихы, фольклор мен әдебиет салаларына арналған антологиялық жинақтар, көркем әдебиет кітаптары, ғылыми-зерттеу монографиялары қазіргі Шынжаңда қолданыста жүрген

Ахмет Байтұрсынов әліпбиімен және қазақстандық кириллицамен жазылған. Білмгерлердің Бейжіңдегі Орталық мемлекеттік кітапханада да оқып дайындалуына мол мүмкіндік жасалған. Университеттегі дәрісханалардың барлығы да бейнекөрілімдерді дыбыстық жазбаларды пайдалануға арналған қазіргі заманғы техникалық құралдармен жабдықталған. Сонымен бірге барлық білімгерлердің ғаламторлық материалдарды да пайдалануына мол мүмкіндік бар.

Орталық Ұлттар университетінде Қытай Халық Республикасының әр өлкелерінен, сонымен бірге әлем мемлекеттерінен келіп білім алып жатқан білімгерлердің (студенттердің, магистранттардың, докоранттардың) ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі халықаралық футбол жарыстары, өнер фестивальдары тұрақты өткізіледі екен. Мысалы мамырдың 22-і күні университет алаңында өткізілген халықаралық өнер фестивалінде әлем мемлекеттерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Украина, Армения, Вьетнам, Корея, Тайланд, Монғолия, Өзбекстан) ҚХР-да оқып жатқан аталған елдер білімгерлерінің ұлттық-этнографиялық көрмелік көрсетілімдері, концерттік бағдарламалары бәрімізді әсерлендірді. Қазақстан Республикасы жастарының қазақша киінуі, тұрмыстық тұтыну заттарды (ыдыс-аяқ, егіншілік, мал бағу құрал жабдықтары, т. б.), ат әбзелдерін (ертұрман, қамшы, т. б), ұлттық ойындарды (асық, тоғызқұмалақ), ұлттық тағамдарды (ет, қуырдақ, қымыз, наурызкөже, бауырсақ, балбауырсақ, құрт, ірімшік, сарымай, сүзбе, т. б.) көрсетуі, жыраулар (Асанқайғы, Ақтамберді, т. б.) толғауларын ежелгі алтайлық-түркілік мақамдармен-саздармен, әр түрлі әуездік аспаптармен (домбыра, дауылпаз) қосыла орындауы, ұлттық би үлгілерін («Қамажай», «Қара жорға») топтана билеуі--бәрі де айырықша ерекшелене көрсетілді. Қазақстан жастары (магистранттар-Шырын Әнуарбекова, Айдана Шалғынбаева, студенттер-Еңлік Кемелова, Айбану Шамшиева, Ольга Периястрова, т. б.) дайындаған көрмеге әлемнің әр түкпірлерінен келген сан алуан халықтар өкілдерінің қызығушылығы айырықша байқалды. Қазақстан Республикасы жастарының ұлттық-этнографиялық көрмесінің ұйымдастырылуында Шынжаң өлкесінен келіп білім алып жатқан «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінің студенттері (Серік Қисаұлы, Асылхан Бақытұлы, Есілхан Сәкенұлы, т.б.) ерекше белсенділікпен ат салысты.

Орталық Ұлттар университетінің әр түрлі мамандық факультеттерінде білім алып жатқан студент жастардың жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі «Тоғыз құмалақ» ұлттық спорттық ойыны да әсерлі өтті. Ойынның ашылуында университеттегі өнер факультетінің домбырашылар тобы Құрманғазының, Тәттімбеттің, Дәулеткерейдің күйлерін орындады. Қазақ ақындарының азаматтық, отаншылдық, ұлттық рухтағы өлеңдерін оқыды. 12 жұп бойынша қатысқан «Тоғызқұмалақ» сайысының қорытындысында бірінші, екінші, үшінші орындардың жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Қытай Халық Республикасының барлық өлкелеріндегі жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақ жастарының қоғамдық әдеби-шығармашылық бірлестік одағының да дәстүрлі сипаты қалыптасқан. Бейжіңдегі Орталық Ұлттар университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінің білімгерлері әдеби шғармашылық бірлестігінің ұйытқы-ұйымдастырушы болуымен ҚХР-дағы талапкер қаламгерлердің балауса туындыларының жинақтары жыл сайын жарық көреді. Осы бірлестіктің ұйымдастыруымен өткен мүшәйраға жеті талапкер ақын қатысты. Талапкер ақындар өздерінің төлтума өлеңдерін және қазақтың классикалық поэзиясындағы хакім Абайдың, Қадыр Мырзалиевтің,Төлеген Айбергеновтің, Мұқағали Мақатаевтың, Мұхтар Шахановтың жырларын мәнерлеп оқыды. Бағалау қорытындылары бойынша жас талапкер ақындар Шалқар Мұратұлы, Ардақ Тұрсынбайқызы-бірінші, Назар Гімішұлы, Гүлзат Жеңісқызы-екінші, Нәли Нәбиқызы, Гүлнұр Еркінқызы, Жанат Бақытнұрқызы-үшінші орындарды иеленіп, арнаулы мадақ грамота сыйлықтармен марапатталды. Қытай саяси-заң университетін бітіруші Қайрат Мосылбайұлы «Күлкіңді сағындым» тақырыбымен өткізген шығармашылық кеші де қызықты өтті, өнерпаз жігіт Қайраттың сатиралық, комедиялық мазмұнды көрсетілімдерінде қазіргі ұрпақтарды адамгершілік, имандылық қасиеттер рухында қалптастыруға арналған этикалық-педагогикалық өзекті мәселелер қамтылды.

Университет, факультет басшылары Бейжіңде

болған айларымда менің көптеген тарихи-мәдени орындарды көруімді ұйымдастырды. Бейжің қаласынан 75 шақырымдық қашықтықта орналасқан әлемге әйгілі кереметтердің бірі-Қытайдың Ұлы қорғанына апарды. Жалпы ұзындығы 8850 шақырымнан асатын, үстінде бес салт атты кісі қатар еркін жүре алатын таңғажайып осы алып қорғанның үстімен жүргенде оның өркеш-өркеш биік таулардың үстімен өтетінін көрдім, Алматыдан келіп жанымда жүрген кенже қызым Ақнұршат және әріптес профессор Бағдан Момынова үшеуімізді факультет деканы,профессор Жаң Диңжиң өзінің жеке машинасымен аталған ұлы қорғанның Тынық мұхит жағалауындағы басталатын жеріне алып барды.Ұлы қорғанның Тынық мұхит жағалауынан басталатын жерін «Айдаһардың басы» деп атайды екен. Тынық мұхиттың суына бетімізді, қолымызды шайып, жағалаудағы ежелгі заманғы әскери қамалдарды, олардың ішіндегі бөлмелерде орналасқан қолбасшылардың кеңес құрып отырған мүсіндерін, сан алуан қару-жарақ құралдар көрмелерін тамашаладық.

Бейжің қаласындағы Орталық Мемлекеттік мұражайдағы әлем халықтарының қолөнер бұйымдарының көрмелерін де араладық. Мұражайдың көлемді бір залына «Ұлы Дала өнері» тақырыбымен қазақтың көрмелік өнер туындылары қазақтың ат әбзелдері, әуез аспаптары, ұлттық киімдер, т. б--көптеген заттар қойылғанын оларды планетамыздың әр елдерінен келген адамдардың фотосуретке түсіріп, қызыға үңіліп қарап жатқандарын көріп, мақтаныш сезіміне бөлендім, Бейжіңдегі Бас Алаң Тиән-әнмін жанындағы Мемлекеттік опера театырындағы қойылымдарға да арнайы шақырту билеттерімен барып, әлемдік классикалық қойылымдарын көрдім. Бейжіңдегі Мемлекеттік қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар Акедемиясында болып, ондағы ғалым әріптестеріміздің фольклортану, әдебиеттану, тарих, философия ғылымдары салалары бойынша жүргізіп жатқан іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен таныстым.

Мен дәрістер оқыған Бейжің Орталық Ұлттар университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультеті 1951жылы алғашқы негізі қаланып ашылған екен. Көп жылдық тарихы бар бұл факультеттегі қазақ, ханзу ұйғыр ғалымдарының негізгі зерттеулері жалпы түркі танудың өзекті мәселелеріне арналуымен ерекшеленеді екен. Қытайдың көне мұрағаттарындағы түркі халықтарына қатысты жазба ескерткіш мұраларды қазіргі заманғы салыстырмалы тарихи грамматика заңдылықтары бойынша саралауға, талдауға арналған еңбектердің ғылыми жаңашылдығы өзекті, зәру мәселерді анықтауларымен құнды. Қытай мұрағаттарында көне түркілік жазбалардағы тіл біліміне қатысты мәтіндерді ғылыми зерттеу нысандарына алып, жаңашыл докторлық (Ph.D), магистрлық диссертациялардың сапалы нәтижелі қорғалуындағы көрнекті ғалым-ұстаз, профессор Еркін Ауғалидың өзіндік мектебі қалыптасқан екен. Өзі де іргелі еңбектер жазып, жаңашыл диссертациялардың қорғалуына жетекшілік етіп жүрген Еркін Ауғалидың ғылыми-зерттеу мектебінің жаңа буын ізденушілері қазақ ғалымдарының әлемдік түркі тануда әлеуетін күшейтетіні ақиқат. Бұл орайда, факультеттегі магистрлық, докторлық диссертацияларды қорғау кеңестеріне мүше, байқаушы-сарапшы тұрғысында да қатыстым, пікір алысуларда өзіндік ойларымды да ортаға салдым.

Бейжіңде болған аталған айларда «Шыңжаң» газетінде мақалам жарық көрді, Шыңжаң телебағдарламасында, Орталық радиостанциясы хабарында арнайы сұхбатым берілді. Қытай Халықаралық радиосының «Жаңа Жібек жолы» бағдарламасы бойынша арнайы бейнекөрілім-сұхбатым жоспарланып жазылды, бұл бейнекөрілім-сұхбатымда Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мәдени ынтымақтастық, жоғары оқу орындарындағы филолог мамандар дайындаудың бірлескен ортақ мәселелері, қытай-қазақ әдеби, ғылыми шығармашылық байланыстарын дамытудың маңызы, т. б. өзекті мәселерді қамтыдым.

Қорыта айтқанда, алыптың астанасында өткен айлар – менің шығармашылық ғұмырымының биік белестерінің бірі. Көп ғасырлық тарихы, мәдениеті бар Қытай Халық Республикасы мен Тәуелсіз Қазақстан Республикасы арасындағы қазіргі заманғы өркениет талабына сәйкес болып жатқан мұндай байланыстарымыздың халықтар арасындағы мәңгі татулықты, рухани ынтымақтастықты дамыта беретіні ақиқат!

Арайлым ТАСТЕМІР
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті журналистика бөлімінің студенті.

РУХЫМЫЗ УЛАНЫП БАРАДЫ

Егемендік алып еңсесін тіктеген байрақты елдің бір ұланымын. Арманыма қанат байлаған болашақ журналистпін. Биыл тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық тойын тойлаймыз. «Қазақстан» деген елді, «қазақ» деген халықты әлем танитын жағдайға жеттік. Көк байрағымыз көкте желбірейді. Шыққан асуларымыз, жеткен жетістіктеріміз, бағындырған белестеріміз қаншама!

Дегенмен де, өмір атты өзен зулаған сайын, қоғам өмірінде даңғойлық пен атаққұмарлық, жасандылық пен жағымпаздық, әділетсіздік пен надандық кең етек жая бастады. Қазіргі қазақ қоғамында көк қағаздың құны артып, жемқорлықтың жалыны өршіген. Қалтаң қалың болса болғаны, биліктің мінберінен бір-ақ шығуға мүмкіндігің бар. Бұл бүгінгі қоғамның ащы да болса айқын көрінісі. Саясаттың сарынын ұқпайтындар билік тізгінін тартып, ғылым-білімнен бейхабарлар көл-көсір атақ-даңққа бөленеді. Жаратушы – Алланың құдіретінен гөрі, қайдағы көк қағаздың құдіретін жоғары санайтындар саны жылдан-жылға еселене түсуде. Білім, өнер, ғылым, спорт ,саясат сынды сан салаларда қаражаттың көлеңкесі қылаң береді. Қу ақшаның дәурені осылайша ойнақтап тұр. Ойнақтаған сайын, адамның ой-санасын ойрандап жатқан жайы бар. Рухани болмысқа орасан зор сызат түсіріп, адами қалыптан арылтып жатқандығы да баршамызға аян. Қоғамдағы ащы көрініске алаңдаушылық танытып, қалам тербеп жүрген тұлғалар да аз емес. Солардың бірі - білімнің көкжиегін кеңейтіп, ғылымның түбін түсірген -Төрегелді Шарманов атамыз, «Егемен Қазақстан» газетінің өткен жылғы сандарының біріндегі «Құндылықтар құлдырауы» атты мақаласында бүгінгі күннің бет-пердесін анық ашып берген еді. Ол өз мақаласында, кезінде қажырлы еңбегі мен талмай ізденісінің нәтижесінде қол жеткізген « академик » атағының қазіргі қоғам алдында абыройы қалмағандығын баса айтып көрсеткен. «Ғылыми атақ-дәреже атаулы қадірінен айырылып, жарнама бизнесінің жалауына айналғандай », -деп ой түйген академик атамыз, атаққұмарлықтың кең өркен жайып кеткеніне қатты қынжылады. Расында да, арам ақшамен білімді де сатып алуға болады екен-ау?! Мен осы мақаланы оқып отырып, расында құндылықтардың құлдырап кеткеніне көзім жетті. Кім көрінген ғылым-білімнің жетегінде жүре алмасы хақ. Алайда, жылдан-жылға профессор, академик, ғылым докторы, ғылым кандидаты сынды жоғары атақ иелерінің еселене түсуі көңілге күдік ұялатары сөзсіз. Келешектің тұтқасын ұстайтын, еліміздің тізгінін тартатын – жас-ұрпақтың келешек тағдыры қалай болмақ? Осы өзекті сұрақ мені көп толғандырады. Хакім Абайдың кезінде өз дәуірінің бай-шекпенін

өткір сынға алған «Болыс болдым мінекей, Бар малымды шығындап » деген теңдессіз өлең жолдары бүгінгінің бет-бейнесін айқын таныта тып тұрғандай. Биліктің төрін аңсағандар төрттүлігін беріп шығынданбаса да, қаражат көзін тықпалаумен әуре. Атаққұмарлықты былай қойғанда, қазақ қоғамында қараңғы кәсіп түрі -жемқорлықтың жалыны өршіп тұр. «EXPO 2017» көрмесіне бөлінген қыруар қаржының есепсіз ел шенеуніктерінің қалтасына түсуі, бұл сыбайлас жемқорлықтың анық айғағы болып отыр. Ел мінберіне кеше көтерілгендердің ,көп ұзамай былығы дүйім жұртқа әшкере болып жатқандығы да жасырын емес. Бұл көрініс бүгіндері халыққа таңсық құбылыс болудан қалған. «Халықтың қамын ойлаймыз деп келіп, нанын ұрлап жеп кететіндер» осы күнге дейін ел билігінде жиі кездеседі. Ауылдағы ата-әжеміз: «Әй, мынау Пәленшиев Пәленше емес пе? Келгені кеше, пәлен миллион жымқырыпты»,- деп жағасын ұстап жатады. Бұл жемқорлық – ел тағдырын талқандайтын жүзі өткір қылыш іспетті. Тыныштық тұрағыңды әп сәтте-ақ қақ бөле салуға даяр. Қиналатын қарапайым халық қана. Аттаған қадамыңа арам ақшаны тықпалап, қанжығаңды харам қаражатқа толтыра берсең, елдігіңнің дымы қалмас. Сан ғасырдан бері жаулардан қызғыштай қорып келген ұлан-ғайыр жерімізбен қазына-байлығымызға кім көрінген қол сұға берсе, сіңірі шыққан кедейдің күйін кешеріміз анық.

Билік тағы кім-көрінгеннің тақымына тие бермейтін киелі орын дейміз. Соңғы кездері киелі сахна жұлдыздары мен шаршы алаңның чемпиондары депутаттыққа кандидаттардың легінде жүрді. Сайлау қарсаңында, ең алдымен өнер жұлдыздарының аты-жөндері ауызға алынды. Экономика, әлеумет, саясат салалары сахнаның сылқымдары мен спорт саңлақтарының мұрнына иісі бармайтын кәсіп түрі емес пе?! Микрофонды басқару мен ел тізгінін басқару екі бөлек құбылыс екенін ескерсек, осы бір арзан атақ-дәреже аңсаушылардың бүгінгі әрекетіне тосқауыл қою керек секілді. Алайда, биліктің жоғары эталонындағылар бұл жайтқа үнсіздік танытып келеді. Елбасының көреген саясатының нәтижесінде, Қазақстан қарыштап даму үстінде. Небір ірі ғимараттар бой көтеріп, қалалардың кескіні мен келбетіне көрік беріп жатыр. Айбынды Астанамыз әлемге әйгілі болып отыр.

Жаңа инновациялық-индустриялық жобалар іске асып, жүздеген фабрика-зауыттар ел экономикасының қарыштап дамуына сүбелі үлестерін қосып келеді. Дегенмен, еліміздің сырт келбеті келісті болғанмен ішкі руханиятымыз ақсап тұр. Ұлттық сана, ұлттық құндылық тасада тентіреп, рухани болмыс иманын жоғалтып барады. Ұлтымыздың ана сүтімен дарыған -туған тіліміздің бүгінгі жайы мәз емес. Бұл туралы талай қалам тербелді, талай жиындарда сөз болды. Алайда, шығып жатқан оң өзгеріс жоқ. Қазақ қазақпен орысша сөйлессе, ұлттық мүддеміздің тірідей көмілгендігі емес пе?! Солай бола тұра , сылдыр сұйық сөзге келгенде тілдің нағыз жанашыры бола қаламыз да, іс-әрекетке келгенде сол сезімсіздердің қатарын толықтырып тұрамыз. Ірі қалаларда өріп жүрген шала қазақты жиі кездестіреміз. Дүкенге бара қалсақ, бар орыс-шамызды аузымызға салып, « акцент » деген ақаулықты білдіртпеуге жанталасып жатамыз.Өз жерімізде жүріп, өзгенің тілін тұтынсақ қазақ болып не үшін жүрміз десеңізші...

Сөйлеу былай тұрсын, орыс тілінде қатесіз жазудың да хас шебері болып алғанбыз. Әлеуметтік желіде орыс тілін ала-құла етіп жаза салсаңыз болды, аяқ астынан «не грамотныйдың» нағыз өзі болып шыға келесіз. Ал, қазақ тілін қалай қолдансаңыз да өз еркіңіз. Сөзіңізді сүзгіден өткізетін сыншысымақтар да кездеспейді. Қазақ тіліне келгенде, кем-кетік түзелмейтіндігі де жасырын емес. Қазақтың қанына біткен намысшылдығының қайда қалғанына кейде тіпті таң қаласың. Осы аталған ащы мысалдар, қазақ қоғамының келбеті көріксіз реңге боялып бара жатқандығынан хабар беріп тұрғандай. Осыған налимыз, құндылықтарымыздың құлдырауы терең ойларға жетелейді. Рухымыздың уланып бара жатқанына жүрегіміз қан жылайды. Адалдықты бойтұмар етіп, құндылықтарымызды қастерлей білейік, Қазақ елі!

Редакция мекенжайы:
050009. Алматы қаласы.
Абай даңғылы, 143, 6-қабат.
Телефондар:
бас редактор – 394-41-34,
бөлім – 394-37-27
компьютер
бөлімі – 394-37-87

www.urkerkaz.kz
E-mail: Urker_2010@mail.ru,

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.04.2009 ж. қайта тіркеліп, № 10017-ж куәлік алған. Айына бір рет шығады.

***

Басуға қол қойылды: . .2016 Қағазы офсеттік. 4,2 баспа табақ. Форматы 84x108/16. Таралымы . Тапсырыс №1000. Бағасы келісімді.

***

Редакцияға түскен шығармалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Үркерге» сілтеме жасау міндетті.

***

Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді.

***

«Үркер» журналында жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-не тиесілі.

***

Журнал «Қазақ газеттері» ЖШС-нің компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93.

***

Тел. 394-39-22, 394-39-24
«Үркер», №8 (96), 2016 ж.

Бәйге Бәйге Бәйге

«Үркер» – Үміт» бәйгесі

«Қазақ газеттері» ЖШС-ына қарасты жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси «Үркер» журналы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай шығармашылық жастарды қолдау мақсатында проза, поэзия, публицистика жанры бойынша бәйге жариялауды жалғастырады. Осы уақытқа дейін шығармашылық бәйгеде бақ сынаған 10 талант жеңімпаз деп танылып, «Үркердің» арнайы дипломдарымен қоса бағалы сыйлықтармен марапатталған болатын. Сондай-ақ жүлдегер шығармалар «Үркер» жаққан он шырақ» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді.

Бәйге шарттары:

Үміткерлер проза жанры бойынша 1 әңгіме, поэзия жанры бойынша 5-7 беттік шағын жанрдағы туындылар (дастандар мен толғаулар қабылданбайды), публицистикалық бағытта 1-2 мақаламен (көлемі 7 беттен аспауы тиіс) қатыса алады.

Шығармалар **Urker_2010@mail.ru** электронды мекенжай арқылы қабылданады.

Байланыс телефондары:
394-41-34, 394-37-27

Мобильдік байланыс
8-702-655-42-68.

Бәйге қортындысы жыл аяғында Тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланатын болады.

Іске сәт, жас талант!



Мазмұны

Айбатыр СЕЙТАҚ
Азат елдің ар-намысы – Ата Заң! 1
Жедел мобильді топ құрылды 2
«Үркердің» жүрдек пойызы «Қызылту» орта мектебінде 3
Жеңіскүл РЫСПЕМБЕТОВА
Мектеп – жеке тұлғаның қалыптасатын жері 4
Жанат ОХАПОВА
Тарыдайды таудай жасау – парыз 6
Дина БАТАЕВА
Маған және мектепке өзгеріс керек 12
Ләззат ТҮМЕНБАЕВА
Шәкірттеріме тілек! 17
Айнакүл ЖАРҚЫМБЕКОВА
Заман талабы – бейіндік оқытуды жетілдіру 18
Гүлмира БАЙДАРБЕКОВА
Асыл дінім – қасиетім 21
Нұрайым АЙБЕККЫЗЫ
Менің арманым 23
Айторы ЕРМАХАНҚЫЗЫ
Ауылым 25
Ернар БАЛТАБАЙ
Ана 26
Ибрагим ЕРКЕҒАЛИҰЛЫ
Қызыл гүл-Қызғалдақ туралы ертегі 26
Гүлім ӘБІЛАСАН
Қазақты әлемге танытты – Асқар ағам 27
Назым ЖАҚАЕВА
Бірлік – менің таңдауым 28
Сәуле ОРАЗБАЙ
Әліпби туралы бірер сөз 31
Жеңіс БАҺАДҮР
Соғады жүрек 33
Темірхан ТЕБЕГЕНОВ
Алып ел астанасындағы айлар 42
Арайлым ТАСТЕМІР
Рухымыз уланып барады 45